Сабақ кестесі: Сабақ кестесін құруда Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар санитариялық қағидалары» санитариялық қағидаларының талаптары басшылыққа алынған.

Сабақ кестесі екі ауысымға, I және II жартыжылдыққа құрылды, мектеп директорымен бекітілді. Сабақ кестесі оқу жоспарындағы инвариантты сағаттар үшін бөлек, вариативті сағаттар үшін бөлек жасалды. Сабақ кестесі «Kundelik.kz» журналындағы кестемен сәйкес келеді.

2022 - 2023 оқу жылында контингент 1-11 сыныпта 6 3 класс жиынтығында – 1400 оқушы 1-4 сыныпта 601 оқушы, 5-9 сыныпта 689 оқушы, 10-11 сыныпта 110 оқушы оқыды. 2022-2023 оқу жылында Қ.Сәтбаев атындағы орта мектеп-лицей» КММ-де оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін төмендегі нормативтік құқықтық актілерді негізге ала отырып, жұмыс оқу жоспары жасалды.

ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына (ҚР ОА министрінің 2022 ж. 30.09. №412 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) 8,9-қосымша 1-4 кластар үшін; 13,14,16-қосымша 5-9 кластар үшін; 19,38,39-қосымша 10,11 кластар үшін төмендетілген оқу жүктемесімен педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып жұмыс оқу жоспары әзірленді. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі №406 бұйрығы.

ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына (ҚР ОА министрінің 2022 ж 30.09. №412 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары;

«Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына (ҚР ОА министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен енгізілген өзгертулер);

«Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы;

Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2022-2023 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хаты. БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесі шешімімен ұсынылды (2022 жылғы 21 шілдедегі №8 хаттама).

«Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығы);

2022-2023 оқу жылында бастауыш білім беруге орыс сыныптарға (1и, 2и, 3и, 4и) 97,5 сағат, қазақ сыныптарға (1аәбвг, 2аәбвгд, 3аәбвг, 4аәбвг,) 501,5 сағат, негізгі орта білім беруге лицей сыныптарға (5д, 6д, 7д, 8д, 9д) 181 сағат, базалық сыныптарға (5аәбвг, 6аәбв, 7аәбвг, 8аәбвге, 9аәбв,) 717,5 сағат, орыс сыныптарға (5и, 6и, 7и, 8и, 9и,) 159 сағат, жалпы орта білім беруге, (11а) қоғамдық-гуманитарлық бағытта 34 сағат, (10аә) жаратылыстану-математикалық бағытта 68 сағат, (11әб) жаратылыстану математикалық бағытта 70 сағат, жүктеме беріліп, бекітілген.

Сабақ кестесі екі ауысымға, I және II жартыжылдыққа құрылды, мектеп директорымен бекітілді. Сабақ кестесі оқу жоспарындағы инвариантты сағаттар үшін бөлек, вариативті сағаттар үшін бөлек жасалды. Аптасына 5 күндік оқу мерзімі бекітілді. Сабақ кестесі «Kundelik.kz» журналындағы кестемен сәйкес келеді.

2023-2024 оқу жылында 1-4 сыныптар аралығында 24 сынып комплекті, 5-9 сыныптар аралығында 29 сынып комплекті, 10-11 сыныптар аралығында 6 сынып комплектісіне оқу жоспары жасалды.

1-4 сыныптар аралығында оқу жұмыс жоспарлары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 11-қосымшасы, орыс сыныптары үшін 12 қосымшасы басшылыққа алынып жасалған.

5-9 сыныптарға арналған оқу жоспарларын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 16-қосымшасы, лицей сыныптары үшін 19-қосымша, орыс сыныптары үшін 17-қосымша басшылыққа алынып жасалған.

10-11-сыныптар оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 22-қосымшасы, лицей сыныптары үшін 27-қосымша басшылыққа алынып жасалған. 2023-2024 оқу жылында бастауыш білім беруге инварианттық және вариативтік компоненттен 580,5 сағат, негізгі орта білім беруге инварианттық және вариативтік компоненттен 931,5 сағат, жалпы орта білім беруге инварианттық және вариативтік компоненттен 209 сағат апталық жүктеме берілген.

2023-2024 оқу жылында үйден оқытуға ДКК-ның, ҚМПК қорытындылары негізінде 4 «Г» класс оқушысы (Құрамысов Дияр), 5 «Б» класс оқушысы (Тұрланқызы Аяна), 6 «И» класс оқушысы (Максотов Санжар), «Б» класс оқушысы (Тласов Диас), 10 «Б» класс оқушысы (Қайыржан Алимжан) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген); 53, 55, 57-қосымшасына сәйкес жасалған.

Сабақ кестесі: Сабақ кестесін құруда Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген «Білім

беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар санитариялық қағидалары» санитариялық қағидаларының талаптары басшылыққа алынған. 2023-2024 оқу жылы оқу мерзімі 34 аптамен сабақ кестесі жасалып бекітілген. Кестеде аптадағы өтілетін пәннің атауы мен реті, сыныбы көрсетілген. Сабақ кестесі оқу жоспарына сәйкес жасалған, сабақ кестесі электронды «Bilimclass» журналын пайдалану арқылы жасалған. Мектептегі факультативтік сабақтар үшін сабақ кестесі жеке жасалған. Сабақ кестесіндегі пәндер атауы оқу жоспарындағы білім салалары және оқу пәндері атауына сәйкес келеді

Жалпы қорытынды: Жалпы 2021-2024 жж аралығында 3 жылдық оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген. Оқу жоспары жыл сайын педагогикалық кеңесте қарастырылып және жыл сайын Ақтөбе қаласының білім бөлімінің басшысымен келісіліп, мектеп директорымен бекітілген. Мұғалімдердің оқу жүктемесінің көлемі мектептің жұмыс оқу жоспарындағы сағаттар саны мен мектептің кадрлармен қамтамасыз етілуіне қарай бөлінген. Жұмыс оқу жоспары бойынша әрбір параллель сыныптардың сағат санын есептеу ескерілген. Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле отырып, электронды «kundelik kz», «Bilimclass» журналдарын пайдалану арқылы жасалған. Сабақ кестесіндегі апталық оқу жүктемесі сақталынған. Мектептің сабақ кестесі міндетті және факультативтік сабақтар үшін жеке жасалған. Сабақ кестесінде оқушылар үшін сабақтар арасындағы үзілістің нормативі сақталған.

4.2. Білім алушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру

2021-2022 жылы. Тәрбие жұмысының жоспары «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін қабылдау туралы Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығын және Қазақстан Респ убликасы Білім және Ғылым министрлігінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығын негізге ала отырып құрылған.

Тәрбие жұмысының мақсаты: жеке тұлғаның ақпараттық құзырлығы негізінде рухани-адамгершілік дамуын қалыптастыру өзекті мәселесі бойынша бәсекеге қабілетті, өзін-өзі басқара білетін, қарым-қатынас мәдениеті, ақпараттық мәдениеті, зерттей білетін дағдылары, іс-әрекет жасай білу, интеллектуалдық жұмыс істей білу мәдениеті дамыған тұлға тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Оқушылардың азаматтылыққа, отансүйгіштікке, зиялылыққа, адам құқықтары мен бостандықтарын мемлекеттік рәміздер мен ұлттық дәстүрлерді сыйлауға тәрбиелеу;
- Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымдарының жұмысын жандандыру;
- Мектеп оқушыларына кәсіптік бағдар беру бойынша жұмысты жүйелендіру;
- Оқушылардың бойында Қазақстанға сырттан енуші этногдіні экстремизм мен түрлі радикалды ағымдарға қарсы әрекет ете алатын дағдылар қалыптастыру;
- «Тәртіп сақшылары», «Жас жол инспекторлары» отрядының жұмысын жандандыру;
- Ата-аналар қауымдастығы мен ұстаздар арасындағы ынтымақтастықты нығайту;

- Отбасылық тәрбие жүйесін жандандыру және отбасын мектептің тәрбие жұмысына араластыру;

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайында тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін іске асыру және тәрбиенің өзекті мәселелері бойынша ғылыми-практикаларға семинарларға қатысу, оқушы бойына жалпыдамзаттық, ұлттық және этномәдени құндылықтарды ендіруде класс жетекшілеріне әдістемелік және практикалық көмек көрсету, олардың кәсіби мамандануы мен шеберліктерінің шыңдалуына ыңғайлы орта құру мақсатында класс жетекшілерінің педагогикалық шеберлік мектебінің жұмысын жалғастыру, оқушылардың мүмкіндігі мен бейімділігі негізінде өзін кәсіби тануын, еңбекке саналы көзқарасын қалыптастыруда педагогтерге әдістемелік-практикалық көмек көрсету мақсатында Кәсіби бағдар беруші педагогтердің мектебін ұйымдастыру жұмыстары жыл бойы жүргізіліп отырады.

Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие.

Оқушыларға патриоттық тәрбие беру мақсатында жұмыс жоспарлы жүйелі жүргізілді. Қазақстан Республикасы Президентінің Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру бағдарламасын, Қазақстан халқына Жолдауларын басшылыққа ала отырып, мектеп-лицейде 2020-2021 оқу жылы бойынша «Оқушылар арасында ҚР мемлекеттік рәміздерін насихаттау жөніндегі іс-шаралар жоспары» және «Жас ұлан» әскери-саптық сабақтарына байланысты әр түрлі мақсатта тәрбие жоспары құрылып, бекітілді. Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие беру Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі шаралар жоспары жасалып, жұмыстар жүргізілді. Оқу жылының басы «Білімді ұрпақ-жарқын болашақ» онлайн салтанатты жиынымен басталды. «балаларға көмек берейік!», «Оқуға кеңес береміз» , қарттар күні қарсаңында «Қариясы бар үйдің-қазынасы бар» қайырымдылық ізгілік акциялары ұйымдастырылды. Мүмкіндігі шектеулі балалар арасында сурет байқауы ұйымдастырылды. Оқушылардың құқықтық сауаттылықтарын арттырып, зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында 2020-2021 оқу жылының I жартыжылдығында «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» онкүндігі, «Құқықтық сауаттылық-заман талабы» апталықтары өткізілді.

Биылғы оқу жылы бойынша «Рухани жаңғыру – болашаққа бағдар» атты бағдарламамен барлық мектеп оқушылары таныстырылды. Линейка өткізіліп, оқушыларға спорттық шаралар ұйымдастырылды. 8-11 класс аралығында Президенттің Жолдауын талдау мақсатында дөңгелек үстел, пікірталастар, дебат өткізілді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік рәміздері туралы тәрбие сағаттары, түсіндірме жұмыстары ата-аналар арасында да жүргізілді. Тарих сабақтары мен тәрбие сағаттарында «Рухани жаңғыру – болашаққа бағдар» бағдарламасы бойынша мазмұны түсіндіріліп, тәрбие сағаттарында кеңінен айтылды.

Мектеп бойынша Тәуелсіздік мерекесіне орай «Елімнің бақытын тербеткен - Тәуелсіздік» тақырыбында апталық жоспары құрылып, жоспарлы түрде әр түрлі жарыстар, байқаулар, ашық сабақтар, музейлерге онлайн саяхат және «Тәуелсіздік таңының жұлдызымыз» атты интеллектуалдық ойын және «Тәуелсіздік ту етер жалғыз киен» тақырыбында 9-11 кластар және мұғалімдер арасында онлайн кездесулер ұйымдастырылды. «Елімнің бақытын тербеткен - Тәуелсіздік» атты мерекелік концерт өткізілді. 1 класс жетекшілерінің ұйымдастыруымен «Менің Отаным - Қазақстан», 2-3 класс жетекшілерінің ұйымдастыруымен «Кішкентай алғырлар» атты интеллектуалдық ойын, «Тәуелсіздік – бала көзімен» сурет көрмесі, тәрбие сағаттары ұйымдастырылды..

Сонымен қатар, барлық 1-11 класс аралығында «Тәуелсіздік тұғырын», «Болашаққа жол ашқан Тәуелсіздік», «Тәуелсіз ел болашағы жастар қолында!» тақырыптарында түрлі тағылымды сабақтар және пікірталас, дебат, қабырға газеттер байқауы ұйымдастырылды. Аға тәлімгер Б.Әбдіқалықованың ұйымдастыруымен «Тәуелсіздік жолында жеткен жетістіктер» тақырыбында сурет көрмесі және дене тәрбие бірлестігінің ұйымдастыруымен «Бірлігіміз жарасқан...», «Желбіре байрағы көгімде...» атты эстафеталық, спорттық жарыстар өтілді. Тәуелсіздік күнінің қарсаңында 5 класс оқушылары «Жасұлан» қатарына

қабылданды. Тәуелсіздік күніне орай 10 кластардың ұйымдастыруымен кең көлемде «Тәуелсіздік – ел бақыты» тақырыбында әдеби-музыкалық кеш өткізіліп, барлық оқушылар белсене қатысты. Оқушыларға патриоттық тәрбие беру мақсатында жұмыс жоспарлары жүйелі жүргізілді.

Мектеп-лицейде 2020-2021 оқу жылына арналған Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие жоспары бойынша оқушылар арасында ҚР мемлекеттік рәміздерін насихаттау мақсатында 1-11 класс аралығында «Рәміздер біздің мақтанышымыз» тақырыбында альбом, буклет, сурет байқаулары және «Рәміздер туралы не білеміз?», «Мен Қазақстан Республикасының Азаматымын» тақырыбында сауалнама алынды. Барлық класс оқушылары белсенді түрде қатысты. 9 мамыр Жеңіс күніне орай «Сарғайса да тарихтың ақ парағы, ол күндер мәңгі есте сақталады» атты «Жас Ұлан» балалар ұйымының ұйымдастыруымен салтанатты мерекелік концерт жақсы деңгейде өткізілді. Ұлы Жеңіс күні қарсаңында Ұлы Отан соғысының ардагері, 101 атқыштар дивизиясынан қалған жалғыз жауынгер, 100 жастағы Бекмағамбетов Сатылған атайың ауласында мектеп оқушылары мерекелік концерт ұйымдастырды. Сұрапыл соғыстың көзін көрген қария оқушыларға батысын беріп, атайдың отбасы ризашылықтарын білдірді. 7-мамыр «Отан қорғаушылар» күні мерекесі қарсаңында эстетикалық пәндер бірлестігі 9-11 класс оқушылары арасында әскери-патриоттық әндер байқауын ұйымдастырды. Байқауға оқушылар белсене қатысып, соғыс жылдарындағы әндер мен әскери әндерді орындап, көрермендерді патриоттық сезімге бөледі. 2020-2021 оқу жылына арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі шаралар жоспарлы жасалып, жұмыстар жүйелі жүргізілді.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін насихаттау бойынша 2020-2021 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары оқу жылының басында құрылып, бекітілді. Жоспарға сай іс-шаралар үздіксіз атқарылып отырады. Мектеп кітапханасында «Мемлекеттік рәміздерге құрмет-азаматтық міндет» тақырыбында танымдық бұрыш ұйымдастырылды. Қазан айында педагог-ұйымдастырушы «Ел рәміздері-еркіндік нышаны» тақырыбында 7-8 класс оқушыларымен онлайн джөңгелек үстел ұйымдастырды. Желтоқсан айында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі, Тұңғыш Президент күні мерекелері қарсаңында барлық кластарда класс сағаттары өткізіліп, гимн айтылды. Қаңтар айында «Біз рәміздерді құрметтейміз!» тақырыбында 5-6 кластар арасында сурет байқауы ұйымдастырылды. Ақпан айында Ақтөбе облысының білім басқармасы 2020-2021 оқу жылына арналған ҚР Мемлекеттік рәміздерін ұйымдастыру мақсатында құрылған жоспарға сәйкес және ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай ҚР Мемлекеттік рәміздерін насихаттау, жастарға патриоттық тәрбие беру мақсатында жоспар құрылып, іс-шаралар ұйымдастырылды. «Мемлекеттік рәміздер-ұлт мақтанышы» тақырыбында 9-11 класс оқушыларымен эссе байқауы өтті. Байқауға жоғары кластардан 40 оқушы қатысып, үздік нәтиже көрсеткен оқушылар жүлделі орындармен марапатталды. 1-11 класс оқушылары арасында «ҚР Мемлекеттік рәміздерін білесіз бе?» тақырыбында сауалнама алынды. Сауалнамада Мемлекеттік рәміздердің авторлары, бекітілген жылдары мен рәміздер күні туралы сұрақтар қамтылып, оқушылар жауап берді. Сауалнама нәтижесі бойынша барлық кластарда класс сағаттары өткізілді.

«ҚР-ның Мемлекеттік рәміздері» тақырыбында рәміздерге қатысты мәнерлеп оқу сайысы өтті. Сайысқа 1-6 класс оқушылары қатысты. Оқушылар рәміздер туралы жазылған ақындардың өлеңдерін жатқа оқыды.

Жалпы мектеп оқушылары Мемлекеттік рәміздерді, олардың авторларын, қолданылу орындарын біледі. Мемлекеттік рәміздерді насихаттау мақсатында жұмыстар класс жетекшілермен бірлескен түрде жүйелі жүргізіліп отыр.

Отбасы тәрбиесі-оқу жылының басы ата-аналардың әлеуметтік жағдайын зерделеуден бастау алды. Әлеуметтік педагог «Ата-ана -бала бағбаны» тақырыбында тәлім сағатын ұйымдастырып, аналар мен әкелердің клубының жұмысына бастау жасады. «Аналар» клубының жетекшісі болып мектебіміздің мұғалімі, ата-ана, көп балалы ана А.Құлдықова

бекітілді. «Әкелер» клубының жетекшісі мектеп мұғалімі, көп балалы әке Ж.Исағалиев тағайындалды. Қараша айында «Біз -спорт сүйген жанұямыз» тақырыбында 3-класс оқушылары арасында эстафеталық сайыс ұйымдастырылды. Қаңтар айында 4 класс оқушылары арасында «Әке мен ұл» спорттық сайысы болды. Ақпан айында «Өнерлі әке» байқауы бастау алды. Байқаудың I кезеңіндегі сауалнамадан 435 әке өтіп, екінші кезеңге жолдама алған болатын.

Ұлттық тәрбие бойынша жұмыста «Ару» қыздар клубы мен «Жас қыран» жігіттер клубының өорны ерекше. Клуб мүшелері мектеп оқушылары арасында ұлттық құндылықтарымызды дәріптеуге бағытталған шаралар ұйымдастыруда белсенділік танытып жүр. Сонымен қатар, «Анаға тағзым» рухани-адамгершілік кешенімен меморандум аясында ұлттық тәрбие, соның ішінде қыз бала тәрбиесіне қатысты айына 1 іс-шара өткізіліп отырады.Іс-шараға кластар арнайы кестеге сай жіберіліп отырады.Қараша айында «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымдастыруымен «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Новый орта мектеп-лицейінің 6-10 класс оқушылары қалалық жас туристер стансасымен @turizm_aktobe бірге Қобда ауданы Жиленқона ауылында орналасқан «Қобыланды батыр» мемориалдық кешеніне @kobylandy_muzei экскурсияға барды.

◆Мақсаты: оқушыларды туған өлке тарихын білуге, құрметтеуге үйрету, рухани мұрасына көзқарастарын арттыру, патриоттық тәрбие беру

Елбасы Н.Назарбаевтың «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында бұрынғы Ақтөбе облысының әкімі Е.Сағындықовтың бастауымен 2004 ж бастап, Қобыланды батыр жатқан жер ғылыми тұрғыдан зерттеуге алынды. Осы бағытта 2004- 2005 жылдары жүргізілген археологиялық жұмыстар кезінде үлкен кесене тұрғызылғаны анықталды. Оның ені 8 м 90 см ұзыны 11м 60см болған екен. Жарының қалыңдығы 1 м жуық. Мазардың төрт бұрышы анықталып шықты. Алайда олардан тек 1-2 қатар кірпіш қалған, жарлардың орнында бір қатар, олар да толық сақталмаған, тек Батыс бұрышында 5-6 қатар қаланған, кірпіш қалдықтары шыққан. Табылған кірпіштер ғалымдардың тұжырымдауы бойынша XIV- XV ғасырға жатады. Сонымен қатар археологиялық жұмыстар кезінде Қобыланды батырдың қалған сүйектері шыққан. Қазба кезінде батырдың зияратына кесене тұрғызғаннан кейін тағы екі адам жерленгені анықталып, олардың сүйектері және т.б. артефактілер табылған. Осы мезгілде Қобыланды батырдың моласын қазған ғалым Н.Шаяхметовпен байланысып, оның алып кеткен сүйектерін қайта зерттеп, бұл сүйектер Қобыланды батырдың сүйегі екенін академик О. Ысмағұлов пен А. Ысмағұлова нақты дәлелдеп шықты. 2006 ж 26 тамыз күні Қобыланды батырдың сүйектері өзінің орнына әкелініп қайта жерленді. 2007 ж батырға арнайы кесене тұрғызылып, 8 қыркүйек күні кешен ашылды. Оның сәулетшісі Бек Ибраев болды. Кешеннің құрамына Қобыланды батырға арналған мазар (пішіні батырдың дулығасы сияқты, оның биіктігі айшығына дейін қосып есептегенде — 16м 89см, д 16 м), пішіні садақ сияқты ғимарат (онда батырға арналған «Данқ» бөлмесі және қосымша қызмет бөлмелері орналасқан) және бірнеше белгі тастар кірді. (Олар 1996 ж орнатылған табиғи 2 тас, 2006 ж қайта жерленгенде қойылған арнайы белгі тас және Қобыланды батыр табынған, сиынған қасиетті деп есептеген меңгір тас —«Қайрақ тас»)

2022-2023 жылы.Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие бағыты бойынша шаралар жоспарлы өткізіліп отырды. 1-қыркүйек «Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» тақырыбында салтанатты жиынымен оқу процесі басталды. Қыркүйек айында оқушыларға мектептің ішкі тәртіп ережелері таныстырылып, «Абайлаңыз, балалар!» акциясы ұйымдастырылды. Құқықтық сауаттылық апталығында оқушыларға құқықтық тәрбие беріліп, құқық қорғау қызметкерлерімен кездесулер ұйымдастырылды. «Оқушыларға экстремистік көзқарастар мен іс-әрекеттерге қарсы тұру қасиеттерін қалыптастырудағы отбасы мен мектептің тәрбиелік мүмкіндігі» діни білім беру, діни көзқарастарын қалыптастыру мақсатында 9-11 класс оқушыларымен кездесулер, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды. Кибербуллинг, зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша қараша айында онкүндік өткізілсе, желтоқсан айында тәуелсіздік күні мерекесі

қарсаңында бірыңғай тәрбие сағаттары өткізілді. Қаңтар айында мемлекеттік рәміздерді насихаттау мақсатында 5-11 класс оқушыларына эссе байқауы, ақпан айында патриоттық әндер байқауы ұйымдастырылды. Наурыз айында азаматтық қорғаныс күні қарсаңында оқу жаттығу өткізілді. 12-сәуір авиация және ғарышкерлер күні қарсаңында тәрбие сағаттары өткізілсе, 1,7,9 мамыр мерекелерінде мерекелік іс-шаралар жоспарға сай өткізілді.

Рухани-танымдық адамгершілік тәрбие бағыты бойынша жеке тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын қайта құру туралы қазақстандық қоғам өмірінің жалпы адамзаттық құндылықтарына, нормалары мен дәстүрлеріне сәйкес келетін «Рухани жаңғырудың» құндылық негіздері туралы терең түсінік қалыптастыру мақсатында іс-шаралар жоспарға сай өткізілді. А.Байтұрсыеновтың 150 жылдығы, М.Әуезовтің 125 жылдығы, Қазыбек бидің 355 жылдығы қарсаңында дөңгелек үстелдер, әдеби кештер оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай ұйымдастырылды. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында М.Мақатаевтың туған күніне орай мәнерлеп оқу сайысы, ауған соғынысың ардагерлерімен кездесу, алғыс айту күні қарсаңында видеороликтер түсіріліп, тәрбие сағаттары өткізілді.

Отбасы тәрбиесі бағыты бойынша отбасы мүшелерін құрметтеу құндылықтарын тәрбиелеу, сүйіспеншілік, ажалдық, достық, ата-аналардың педагогикалық-психологиялық құзыреттілігі мен балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру мақсатында жоспарға сай шаралар өткізіліп отырды. Оқу жылының бачында отбасы күні мерекесі қарсаңында «Отбасы-бақыт мекені» апталығы ұйымдастырылып, апталық барысында ата-аналармен кездесулер, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылып, флешмоб өткізілді. Бала тәрбиесіндегі ана мен әкенің рөлін арттыру мақсатында «Тұмар» аналар клубы, «Ұлағат» әкелер өз жұмыстарын жалғастырды. Ата-аналарды мектеп өміріне тарту мақсатында тоқсан сайын отбасылық спорттық ойындар, психологиялық кездесулер өткізіліп отырды.

Ұлттық тәрбие бағыты бойынша жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, мемлекеттік тілге, Қазақстан халқының мәдениетіне құрмет көрсетуге бағыттау мақсатында шаралар ұйымдастырылды. 5-қыркүйек –Қазақстан халықтарының тілдері күні қарсаңында «Тәуелсіздік-мемлекеттік тіл тірегі» атты апталық ұйымдастырылып, апталық аясында мәнерлеп оқу сайыстары, эссе байқауы, әдеби кеш ұйымдастырылды. Өзге ұлт өкілдері арасында мәнерлеп оқу сайысы ұйымдастырылып, үздік оқылған өлеңдер инстаграмм парақшасына жарияланды. «мәдени мұра-ел байлығы», «Тарихи мұра», «Өз жерінді таны» -мектеп туризмін, тарихи археологиялық қозғалысты, туған өлкенің тарихын, мәдениеті мен салт-дәстүрлерін зерттеу жұмыстарын жандандыру мақсатында Түркістан қаласына экскурсияға 35 оқушы, Қобыланды батыр ескерткішіне 45 оқушы барып қайтты. Наурыз мерекесі қарсаңында әр класта ұлттық киімдер тігілді. Мұндағы мақсат оқушыларға ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу, насихаттау болып табылады. Сонымен қатар, дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен ұлттық ойындар апталығы болды. Апталық аясында ұлттық ойындардың түрлері бойынша сайыстар ұйымдастырылды.

2023-2024 жылы

«ЖЕТКІНШЕКТІҢ ЖЕТІ ЖАРҒЫСЫ» жобасы бойынша Қазақстан Республикасының Тілдер күніне орай Қ. Сәтбаев атындағы орта мектеп-лицейімізде 8-11 класс оқушылары арасында «Ана тілім күдіретім» тақырыбында эссе жазу байқауы өткізілді. Тақырыпқа сай оқушылар ана тілінің қадір-қасиетіне тоқталып, өз ойларын еркін жеткізе білді. Байқау соңында эссе жұмыстары тексеріліп, қорытындыланды. 1-11 класс оқушыларына өрттің шығу себептерімен таныстыру, экстремалды жағдайды дұрыс ұстауды және жылдам әрекет етуді үйрету мақсатында «Өрт-тілсіз жау» атты тәрбие сағаттары өткізілді. 2023 жылдың 4 қазан күні Қ.Сәтбаев атындағы орта мектеп лицейінің 1-11 класс оқушыларына «Жол

ережесін білейік, аман есен жүрейік» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. Мақсаты: Жолда жүру ережесін есте сақтауға оқушыларға жол белгілерін неше түрі бар,оны білу не үшін қажет, бағдаршамның, жол белгілерінің атқаратын қызметі қандай екенін үйрету. Жол ережесін есте сақтау қабілетін,қызығушылықтарын арттыру.Барлығымызға ортақ қойылған тәртіпті бұзбауға тәрбиелеу. Жастар мен жасөспірімдердің арасындағы отбасылық зомбылықтың, күйзелістік жағдайлардың алдын-алу және психологиялық ахуал қалыптастыру мақсатында «STOP буллинг: бәрі сенің қолыңда!» атты семинар тренинг өткізілді. Іс-шара барысында оқушылар мектеп психологы тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беріп, тақырып бойынша өз ойларын ортаға салды. Оқушылардың күзгі демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелері бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Аталған шарада өрт қауіпсіздігі, жол қауіпсіздігі, үй жағдайында жалғыз қалағанда өзін ұстау ережелері түсіндірілді. Қ.Сәтбаев атындағы орта мектеп лицейінің 9 класс оқушыларына тарих пәнінің мұғалімі Н.Мұңайтпасованың ұйымдастыруымен «Мемлекеттік рәміздер-ел мәртебесі» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Мақсаты: оқушылардың аса маңызды мемлекеттік рәміздер жөнінде білімдерін толықтыра отырып, оларға мемлекеттік белгілердің аса маңызды екенін түсіндіру. Сонымен қатар 5-7 класс оқушыларына бопсалау әлімжеттік пен кибербуллинг туралы хабардарлығын анықтау және алдын алу мақсатында анонимді сауалнама өткізіліп, қорытындыланды. Нәтижесінде оқушылардың арасында бопсалау мен әлімжеттік фактілер анықталмады. Бопсалау мен әлімжеттік жағдайына тап болған жағдайда кімге айту керектігін толық түсінген, бопсалау мен әлімжеттік кибербуллинг туралы оқушыларда түсінік қалыптасқан. Оқушыларға мемлекеттік нышандарды құрметтеуге үйретіп, егеменді Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандарының мән-мағынасы мен идеялық мазмұнымен таныстырып, өсіп келе жатқан ұрпақтың бойына патриоттық сезім,Отаншылдық рух дарыту мақсатында 5-7 класс оқушыларына «Рәміздерді білесің бе?» атты сауалнама өткізілді. 8-11 класс оқушыларына отбасылық дәрігерлік орталығының аға дәрігері Алипова А.А, ДШО меңгерушісі Турарова Г.Н,педиатор Сарсенова А.К, ЗОЖ дәрігері Айткулова А.А «Абайла Қызылша!» атты семинар өткізілді. Оқушылар арасында қызылша ауруы жөнінде білімін қалыптастыру, оның алдын алу тәсілдерімен танысу, өз денсаулығына мұқият назар аудару. Балалардың қойылған сұрақтарына жауап беріп,түсіндірме қағаздар таратылды. 9-11 класс оқушыларына арналған «Зорлық зомбылықсыз 16 күн республикалық науқаны аясында «Құқық бұзушылықтың алдын-алу басты міндет» тақырыбында Ақтөбе қаласы ПБ Астана ауданы №1 ҚІБ ЖПК КТІЖ УПИ полиция аға лейтенанты Дария Кобейсиновнамен кездесу өткізілді. Сонымен қатар, қыз балаларға адамгершілік адалдық іс-қимыл, жүріс-тұрыс дағдысы қыз намысы туралы жан-жақты мағлұмат беру арқылы қыз балалардың бойына рухани адамгершілік, әдептілік, сыпайылық,тиянақтылық, имандылық, тазалық қасиеттерін дамыту мақсатында 8-9 сынып оқушыларына «Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» атты қыздар отырысы өткізілді. Отырыс кезінде мектеп медбикесі Н.Бактыгерей қыздардың жеке бас гигиенасы туралы,директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Конисбаева мектептің ішкі тәртіп ережесі, қыздардың сырт келбеті туралы түсіндіріп,оқушылардың тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді. 1-11 класс оқушыларына «Қыс мезгілінің қауіпсіздік ережелері» атты тәрбие сағаттарында түсіндірме жұмыстары өткізілді. Аталған шарада өрт қауіпсіздігі,бөгде адамды көргенде,үй жағдайында жалғыз қалғанда өзін ұстау ережелері түсіндірілді.

«Ізгіліктің бірі алғыс» 1 наурыз-алғыз айту күніне арналған жоспарға сәйкес қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бірлестігінің ұйымдастыруымен 6-7 класс оқушылары арасында «Алғыс айту-парызың» тақырыбында шығарма байқауы өтті. Байқау оқушыларымыздың жақын адамдарына алғыс сезімін білдіре алуға баулу мақсатында жүргізілді. Оқушылар шығармашылық танытып,өз ата-аналарына,жақын бауырларына, ұстаздарына достарына ілтипатын сөзбен жеткізіп шығармашылық белсенділік танытты. Нәтижесінде 1 орын Юсуп Мариям 7 «Б», 2 орын Жаналы Салауат 7 «А»,3 орын Қарабекова Айнұр 7 «Д» иеленді.

«ҮШҚЫР ОЙ АЛАҢЫ» жобасы бойынша «5 қыркүйек - Қазақстан халқы тілдер күні» мерекесіне орай қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Тіл - халықтың жаны» тақырыбында тіл апталығы өтті. Апталық жоспарға сай «Мемлекеттік тілдің қолданыс аясы кеңейіп жатыр» деген тақырыпта дебат өткізілді. Ойын алаңында екіжақты пікірлерін дәлелдемек болған 9 «Д», 10 «Б» кластарының, «Аманат» және «Үкімет» фракциялары өз ойларын ашық айтып, сарапқа салды. Тыңдарман қауым оқушылары да қалыс қалмай қазақ тіліне жанашырлық танытты. Білімді ұрпақтың білігін арттыру мақсатында өткен ойын ашық алаңда өзмәресіне жетіп, өз ұстанымдарын дәлелді жеткізген «Үкімет» фракциясы жеңіске жетті. «Құқық пен міндет», «Құқықтық білімнің маңызы зор деп есептейді» тақырыбымен дебат өткізіліп, мақсаты «Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, ойлау, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Дебатта үкімет палатасы «Тұмар» тобы, оппозиция «Қыран» тобы болып екіге бөлінді. Екі топта өз позициясын ұстанды. 8 кластар арасында «Әлеуметтік желі дерт пе? Қажет пе?» тақырыбында Линкольн-Дуглас форматында дебат өтті. Сайысқа мектебіміздің барлық 8 сыныптары қатысып, нәтижесінде 8 «Д» сынып оқушылары жеңіске жетті. Мақсаты: Оқушылардың бір-бірімен саналы қарым-қатынасын қалыптастыруда әлеуметтік желінің пайдасы, зияны туралы пікірлесе отырып, өзін-өзі басқару, бағалау және рефлексиялық ойлау дағдыларын қалыптастыру. Оқушыларға адам бойындағы асыл қасиеттерді таныта отырып, адамгершілікке, әдептілікке, қайырымдылыққа тәрбиелеу мақсатында 20 қазан күні мектеп-лицейімізде 10 сынып оқушыларымен «Адалдық- атадан қалған мұра» тақырыбында іс шара өткізілді. 9-10 сыныптар арасында «Қазақстан - татулық пен бірлік мекені» тақырыбында пікірсайыс өтті. Мақсаты: Қазақстан Республикасындағы халықтардың ынтымақтастықпен, бірлікпен, бір тудың астында әр халықтың салт-дәстүрлерін сақтап, ортақ келісімге келуі және де оқушылардың өз ойларын ортаға салу арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту, жаңа қырларын ашу. "Фалес" ПК-ның ұйымдастыруымен мектепшілік дебат турнирі өтті. Бұл турнирге "Алаш", "Аттила", "Аманат", «Қыран», «Талап», «Рух» фракциялары қатысып екі тақырыпта ойын жүргізді. Олар: «Ел ертеңі- жастар» деген тақырыпта өз өнерлерімен бөлісті. Дебат өте қызу, тартымды түрде өтті. Парламентарий спикерлері де өз ойларымен бөлісті. Ойын соңында төрешілер ортақ бір шешімге келе отырып жеңісті "Аттила" фракциясына берді. Жеңімпаз "Аттила" фракциясының екі спикері марапат ретінде Кинопаркке екі тегін билетке ие болды. Осы мақсатта мектебімізде 26 қаңтар күні «Бала құқығы- адам құқығы» тақырыбында дебат өтті. Мақсаты: Оқушыларға заң білімі саласынан мағлұмат бере отырып, өз құқықтарын жете білуге, өз беттерімен салыстыра білуге, өмірде қолдана білуге үйрету, құқықтық білімдерін толықтыру. Адамгершілік, адалдық, әділдік пен мейірімділікке баулу арқылы саяси саналығы мен таным белсенділігін арттыру. Еліміздің Ата заңын құрметтеуге, сыйлауға тәрбиелеу. «Фалес» клубы мүшелері арасында мектепшілік дебат турнирі өткізілді. Дебат Америкалық форматта жақтаушы және даттаушы топтарда 2 спикерден болды. Пікірсайыста қаралған қарар: «Ғылыми техниканың пайдасы мен зияны» тақырыбында болды. Мақсаты: оқушылардың дұрыс тамақтануға деген көзқарасын қалыптастыру, дүниетанымын кеңейту, тыңдау, тапқыр ойлау, жүйелі сөйлеу қабілеттерін шыңдау. Тақырып қызу талқыланып, оппозиция тарапынан дәлел ретінде аргументтер көп келтірілді және жақтаушы топтың сөйлеу мәнері ерекше болды және ой еркіндігі байқалды. Екі жақта өз позициясын сақтап қалды. Алғырлығымен, сөз шешендігімен көзге түскен 10 «Б» сынып оқушылары Кажигалиева Айгерім мен Картбаева Айнара іріктеуден өтіп, қалалық турнирге жолдама алды. 8-10 сыныптар арасында «Заманауи ғылым мен білім» тақырыбында дебат өтті. Командалар пікірталасын арнайы шақырылған төрешілер бағалады, қорытындысы бойынша жеңімпаздар анықталды: мемлекеттік тілде пікірталасқа қатысқан командалар арасынан «Болашақ» командасы турнир жеңімпазы атанып, I дәрежелі дипломмен марпатталды. «Үздік спикерлер» номинациясы бойынша 10 сынып оқушылары Айнара мен Асель арнайы диплом табысталды. Ғылыми экологиялық көзқарас қалыптастыру, оқушылардың ой - өрісін

кеңейту, ынталарын көтеру, білімдерін шыңдау, сөйлеу шеберлігін жетілдіру, белсенділігін арттыру, білім сайысына ойланып жауап берулеріне, жан - жақты ой өрісінің артуына дамыту, табиғатты аялауға, көркейтуге үлес қосуға және де, жылдамдыққа, шапшандыққа тәрбиелеу мақсатында 15 наурыз күні мектебімізде «Табиғат.Адам. Қоғам» тақырыбында пікірсайыс өтті. "Фалес" дебат клубы 2024 жылдың 18 наурыз күні «Үздік мәдениеттілік-ол спорт, шынығу мен денсаулық!» тақырыбында пікірсайыс өткізді. Пікірсайыс барысында жақтаушылар мен даттаушылар спорт түрлерінің адам денсаулығына пайдасы мен зияны туралы пікірлерін айтты. Кейінгі жылдары жастардың дәстүрлі дінге қарсы деструктивті ағымдардың жетегінде кетуі қоғамды алаңдатып отырған күрделі мәселеге айналды. Осы орайда адамзат үшін үлкен қауіп-қатер туғызып отырған терроризм мен діни экстремизмнің алдын алуда өскелең ұрпақ тәрбиесіне ерекше көңіл бөлу маңызды. Осы мақсатта 8-10 сынып оқушыларына «Діни сауаттылық- өскелең ұрпақ негізі» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жасалды.

2024 жылдың 19 сәуір күні «Рухани жаңғыру-туған жер тұтастығы мен ел болашағы» тақырыбында дебат өткізілді. Мақсаты: Білімгерлердің туған жеріне, еліне, деген сүйіспеншіліктері артады, болашаққа деген сенімі, ой-өрісі дамиды, білімгерлер елінің мұрасын қастерлеп, оны жалғастырушы азамат болуға тәрбиеленеді.

Жазғы демалыста оқушылардың уақыты босқа өтпеуі үшін балалардың демалысын ұйымдастыру қашанда маңызды мәселенің бірі болып саналады. Жыл сайын демалыс уақытындағы балалар мен жасөспірімдердің толық демалуларына, танып-білу, шығармашылық және қоғамшылдық белсенділігін арттыруға, көркем шығармашылық, спорт және басқа да танымдық қызмет түрлеріндегі білім мен іскерліктерін арттыруға жағдай жасау мақсатында 8-10 сынып оқушылары арасында «Жазғы демалыс-жан саулығы» атты дебат өтті.

«9 АЙ 9 ІС-ШАРА» жобасы тұжырымдамалар бойынша білім беру ұйымдарында тоғыз айдағы іс-шараларды өткізудің атаулары мен бірыңғай тәртібін реттейді. Іс-шараның тақырыптары, ережелері, бірыңғай тәсілдеме арқылы жүзеге асырылды. Қыркүйек айы бойынша жоспарланған 08.09.2023 мектеп спорт залында 5-9 кластар арасында «Сергіту сәті», 23 қазан күні білім алушылар мен педагогтер арасында бірімезгілде музыкамен жанды дауыспен Мелекеттік Гимнді орындау, 17.11.2023ж. күні ұлттық дәстүрді және ойынды дәріптеу мақсатында мектеп-лицейімізде асық ату, 13.12. 2023ж. күні «Шығарма жазу: болашаққа хат» челленджі бойынша бір уақытта 5-11 кластар аралығында шығарма жазылды. 26.01.2024ж.күні «қазақ есебі» челленджі бойынша барлық кластар арасында бір уақытта А.Жұмаділдаевтың ұсынған есептерін шығарудан жарыс сабақ ұйымдастырылды. 28.02.2024ж. күні оқуға құштар мектеп челленджі бойынша кітап оқу мәдениетін дәріптеу мақсатында Ақтөбе облысына Қасым Қайсеновтің «Жау тылындағы бала» кітабын оқу ұсынылды. Шара барысында 7 «А», 7 «Б», 7 «Ә», 7 «Д» класс оқушылары шығарманы оқыды. Барлығы 102 оқушы қатысты. Наурыз айында «Күй күмбірі» тақырыбында республикалық домбырашылар челленджі ұйымдастырылып, «Сарыарқа», «Балбырауын», «Адай» күйі орындалды. Сәуір айында шахмат ойнаудан челлендж ұйымдастырылды. Челлендж «Фиде» ережесіне сәйкес ұйымдастыру ұсынылды. Шахмат ойынына білім алушылармен бірге педагогтер де қатысты. Мамыр айында еңбек әрекетіне белсене араласу мен қоршаған ортаға деген қамқорлықты көрсету, табиғатқа ұқыптылықпен қарау, еңбекке деген құрмет мақсатында «Жасыл мекен» челленджі ұйымдастырылды. Челленджге өңіріміздегі «Жасыл Қазақстан» акциясы негізінде көктемгі тал егу науқаны бойынша мектеп-лицейіміздің белсенді оқушылары өз үлестерін қосып, мектеп ауласын 30 тал көшеттерін отырғызды.

«4 ТОҚСАН 4 ӨНЕР» жобасы бойынша Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектеп-лицейінде «Төрт тоқсан төрт өнер» ұлттық мәдени-ағартушылық жобасының аясында азаттықтың алдаспаны ақындармен кездесу іс-шарасы өткізілді. Шараға белгілі жерлес айтыскер

ақындарымыз Марат Ахметов пен Оралбай Каметия және мектебіміздің түлегі жас ақын Бейбітов Жәнібек келді. Шара барысында ақындар өздерін тереңнен таныстырып, айтыс өнерінің айрықша орнын атап өтті. Оқушылар айтыс өнеріне ерекше қызығушылық танытып сұрақтар қойды. Оқушылар айтыс өнерінің қасиетін сезініп, домбыра үнімен кең тыныстап ерекше шабыт ала білгендерін айтып жеткізді. «Ұлттық мектеп лигасы» жобасы аясында «Қалалық оқушылар сарайы» МКҚК-ЮНЕСКО клубы Қазақстандық Ұлттық ЮНЕСКО Клубтарының Федерациясының қолдауымен және Ақтөбе облыстық «Асық ату» федерациясының ұйымдастыруымен мектеп-лицейімізде «Алтын сақа» олимпиадасының облыстық кезеңі өтті. Олимпиадада оқушыларды қазақ халқының тарихи-мәдени мұраларына құрметпен қарауды, ержүректілік пен ептілікке, батырлыққа тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылды. Олимпиадаға 10 мектептен 82 қатысушы және 24 команда қатысып, мектеп-лицей командасы Алғыс хатпен марапатталып, 9-11 класс ұлдар III орынды мадақтамамен және қыздар командасы III орын мадақтама иеленді.

«Ұлттық киім -ұлтымыздың айнасы» тақырыбында халқымыздың ұлттық киімдерін насихаттау, тарихпен қатар дамып, біте қайнасып келе жатқан асыл қазынамызды дәріптеу мақсатында наурыз мерекесіне орай мектебімізде ұлттық киімдер челлендж айлығы ұйымдастырылып, асыл тастармен арнайы сән үлгілерімен тіктірілген киімдерді «Ұлыстың ұлы күні-әз Наурыз» ауылдың мерекесіне ұйымдастырылған ұлттық киімдердің сән үлгілерін көрсету байқауына шығарылды. Бұл челленджге оқушылар мен бірге мектеп ұжымы түгел қатыстырылды. «Ұлттық қолөнер-бабалар мұрасы» атты 1-11 кластар арасында қолөнер байқауы ұйымдастырылды. Өнер әсемдіктің ең жоғарғы түрі, өйткені ол табиғаттың әсемдігін де, адам еңбегімен жасалған заттардың әсемділігі мен сол адамның шебер ұлылығы мен сұлулығын да, оның ой-арманын да өн бойына жинақтап, жан-жақты бейнелей алады. Осындай мақсатпен оқушылар әртүрлі заттардан бірнеше түрлі қолөнер бұйымдарын жасады. Ең шебер, әрі сәтті шыққан қолөнер бұйымдары марапатталды.

Ақтөбенің 155 жылдығына орай ұйымдастырылған мектепшілік «Керемет тартуым бар...» атты Ақтөбе қаласының көрнекті жерлерінің макетін жасақтау байқауы өткізіліп, ең сәтті көрнекі жасалған макеттердің үлгілерін жасаған кластар марапатталды. Бұл жобаның мақсаты:білім алушылардың патриотизм сезімін қалыптастырып, өзінің кіші Отанына деген мақтаныш сезімін тәрбиелеу, өнерге қызығушылығын арттыру және шығармашылық қабілетін арттыру.

Нәтижесінде

Бас жүлде-4 «В», 4«Г», 4«И» кл «Анаға тағзым» ғимараты.

I орын - 4 «А», 4«Ә», 4«Б» кл Әлия Молдағұлова атындағы Ақтөбе халықаралық әуежайы

II орын -3«В», 3«Д», 3«И» «Қазақ Хром» ғимараты.

II орын -1 «В», 1«Г», 2«А» кл Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

III орын -9«Д», 9«И»,10«А», 10«Ә» кл Ақтөбе ажары

III орын – 8«Ә» 8«Б», 8«В» кл Қаныш Сәтпаев атындағы орта мектеп-лицей

III орын – 8«Д», 8«И», 9«А» кл Т.Бигелдинов атындағы Әуе қорғанысы күштерінің Әскери институты иеленіп, марапатталды.

«АТА-АНАЛАР МЕКТЕБІ» жобасы бойынша Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хаты негізінде мектептердің ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылын нығайту мақсатында «Отбасылық дәстүрлер» тақырыбында танымдық кеш өткізілді. Танымдық кештің мақсаты: «Отбасы» құндылығы туралы түсініктерді отбасы туралы ұғымдарды

кеңейту,оны сүйе білуге үйрету. Ата-ана және бала қарым-қатынасын өзара байланысын қалыптастыру, отбасының негізі өмірдің ұйытқысы, киелі қасиетке ие болу сыры, отбасы тәлімнің мәні туралы түсініктерді кеңейту. Шара барысында ата-аналар отбасылық дәстүрлер бойынша әңгіме қозғады. Өз отбасында дәріптелетін әдет-ғұрыптар мен дәстүрлі тағамдарды сипаттады. Отбасылық бұйымдарын таныстырды. Ата-аналар өте белсенді ат салысты «Алтын қалпақ» әдісімен ата-аналардан кері байланыс алынды. Отбасы мерекесі қарсаңында Отбасы-тәрбиенің алтын бесігі тақырыбында мектебіміздің үлгілі, көп балалы Сегізбаевтар Жайықовтар, Жұмабаевтар отбасыларымен кездесу өткізілді. «Отбасы құндылығы туралы түсініктерді отбасы туралы ұғымдарды кеңейту,оны сүйе білуге,отбасы игілігі үшін талмай еңбек етуге үйрету, отбасының өз ортасының абыройын асыру, отбасының негізі өмірдің ұйытқысы, киелі қасиетке ие болу сыры, отбасы тәлімінің мәні туралы түсініктерді кеңейту. Отбасы тәрбиесінің мән-маңызын ашып көрсете отырып, ұлттық салтты, дәстүрді түсініп, құрметтеуге баулу, алдағы өмірге даярлау шара барысында ата-аналар бала тәрбиесіндегі бірнеше өзекті тақырып бойынша сұрақтарға жауап беріп,балаларының жетістіктерімен бөлісті. Қорытынды бөлімінде тренингтер өткізіліп көрермендер ата-аналарға ризашылығын білдіріп тілек айтты. Сонымен қатар қонақтарға мемлекеттің,бақытты жанұяның символы ретінде «Шаңырақ» сыйға тартылды. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру Ұлттық Мүдде құндылығы ата-аналарды педагогикалық қолдау мақсатында «Әкеге-ізет Анаға-құрмет» атты 7 класс ата-аналарына Б.Қартмағамбетованың ұйымдастыруымен дөңгелек үстел өтті. Мақсаты: қоғамда, ұрпақ тәрбиесінде ананың, әкенің ұлтты тәрбиелеуде әлемдегі болашақты жасаудағы жасампаздық рөлін кең түрде насихаттау. Отбасынғы әке орнын, рөлін көрсете отырып, халықтық тәрбие негіздеріне тоқталу, оқушыларды үлкендерді сыйлауға, әкені пір түтуға, адамгершілікке, әке мен ер азамат ұғымының мәнін ұғынуға тәрбиелеу мақсатында «Әкеңнің төріне сенбе,еткен еңбегіне сен атты тәрбие сағаты өтті. Сынып оқушылары әкелеріне қызықты сұрақтар қойылды. Ойын түріндегі баланы қаншалықты танитыны туралы додокалайдермен тренинг өткізілді. Оқушылардың сахналық мәнерді,мәнерлеп сөйлеуді өлеңнің қадірін түсінуді және өлең айту жолдарын дамыту жоспарында «Кел шырқайық!» ән байқауы өткізілді. Мақсаты: музыкалық дарынды балаларды анықтау және қолдау,олардың шығармашылық әлеуетін іске асыруға және қабілеттерін одан әрі дамытуға көмектеседі. Патриотизмге тәрбиелеу, жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру, қарым-қатынас дағдыларын дамыту. «Атадан өсиет-анадан қасиет» тақырыбында 10 класс ата-аналары арасында дөңгелек үстел өтті. Ата-аналармен кездесудің мақсаты:

1. Отбасындағы қарым-қатынас мәдениетті туралы түсінік беру, бақытты жанұяның моделін дайындау;
 - 2.Отбасы-Отанның бір бөлшегі екенін ұғындырып,оқушылардың бақытты жанұяға деген қызығушылығын арттыру;
 - 3.Жанұядағы сыйластыққа, адамгершілікке, инабаттылыққа,ынтымақ пен бірлікке,татулық пен ұйымшылдыққа тәрбиелеу.Үлкенді үлгі,кішіні мақтан етуге,отбасының бірлігін сақтап,жанұяның мақтаны болуға тәрбиелеу;
- «Эйлор дөңгелегі» «Екі жақты күнделік»» РАФТ» стратегиялары арқылы ата-аналарды ортаға тартып,тәрбие берудегі отбасының рөлін анықтап,жіберілетін қателіктер талқыға салынды.Жасөспірім шақтың тәрбиеге тигізер қиындықтарымен аналар ой бөлісіп,бір-бірінен кеңес алды. Ситуациялық сұрақтарға жауап беріп,отырыс соңында әр ана өз баласына жақсы тілек,ыстық лебізін жазып қалдырды.Оқушыларды кітап оқуды насихаттау және «Оқуға құштар мектеп» және «Ата аналар мектебі» жобасы аясында «Оқырмандар

отбасы» тақырыбында байқау өткізілді. Мақсаты:-баланы терең ой мен саналы білімге жеткізуде кітаптың алатын орны ерекше екенін түсіндіру,кітапты таңдау,оны оқып баланың жүрегіне жеткізудегі ата-ананың рөлін,ата-ана мен бала арасындағы кітап жайлы көзқарастарын білу,қоғамға парасатты биік азамат тәрбиелеудегі кітаптың алатын орны туралы әңгімелеу.

4.3.Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру

2021-2022 жылы

Рухани-адамгершілік тәрбие бағыты бойынша- оқушы бойындағы мейірімділік, шыншылдық, тұрақтылық сияқты рухани қасиеттерді қалыпт астыра отырып жұмыстану, өзін-өзі басқаруына, жеке тұлға ретінде қалыптасуына көңіл бөлу, өз ортасында еркін сөйлеп,өз ойын еркін айта алатын дарынды , қабілетті ұл-қыз тәрбиелеу мақсатында 1-қазан қарттар күні қарсаңында «Қарттарым-қазынам», «Барлық құрмет үлкендерге» тақырыптарында тәрбие сағаттары мен сыныптан тыс шаралар ұйымдастырылды.Жоспарға сай барлық сыныптарда «Жақсылық-жан азығы», «Кішіпейілділік-көңіл кеңдігі», «Сабыр т үбі сары алтын» және т.б. тақырыптарды класс сағаттары өткізілді. Мүмкіндігі шектеулі жандардың мерекесі қарсаңында мектеп әкімшілігі тарапынан мүмкіндігі шектеулі оқушыларды қолдау мақсатында ,оларға мерекелік көңіл-күй сыйлау мақсатында мектеп-лицейімізде оқитын мүмкіндігі шектеулі оқушылардың үйлеріне барып,тәтті сыйлықтар тарту етті.

И.Г.Пестолоции: «Еңбек адамгершілікке үйретеді, балалардың бірімен-бірін өзара және олардың ересектермен қарым-қатынаста болуын қалыптастырады»,,-деген болатын. «Өзгені ойлаған –адамдықтың белгісі» демекші Жаңақоныс елді мекенінде тұратын жалғызбасты қарияларға қол ұшын беру мақсатында 9-11 класс оқушылары қыс мезгілінде Асар челленджін ұйымдастырған болатын.Жалғыз басты қариялардың ауласының қарын тазалап, қол ұшын беріп көмек көрсетті.Сонымен оққ жылының басында республикалық «Мектепке жол» акциясы аясында мектеп-лицейіндегі әлеуметтік тұрмыс деңгейі төмен, жетім,атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылар мен аз қамтылған отбасылардың балаларына оқу құралдары салынған сөмкелер таратылған болатын.Оқушылардың рухани өсуін қалыптастырат ын бірден-бір әдіс түрлі көрмлер мен байқауларға қатысу болып табылады. Мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған «Жұлдыз-ай» фестиваліне мектеп-лицейіміздің 8-класс оқушысы қатысып, жүлделі ІІ орынды жеңіп алды.

Өзін-өзі тану пәнінің мұғалімдері де мемлекетіміздің ертеңгі азаматтары болатын жас жеткіншектерге рухани-адамгершілік тұрғыдан бағыт-бағдар беруде жұмыстанып келеді. «Өзін-өзі тану» пәнінің мұғалімдері мен класс жетекшілердің берлесе өткізген «Бәрінің бастауы-махаббат», «Сенім-менің серігім» атты көрнекі сабақтары мен әлеуметтік педагог Г.Аманжолованың «Адамгершілік асыл мұрат» атты әңгіме сағаты адам бойындағы ұнамды , ұнамсыз қылықтарды ажырата отырып,әдеп әліппесін бойларына дарытты. «Бала-ойынмен, дана оймен өседі» демекші, балалардың жақсы болуы үшін үш қасиетті басшылыққа ала отыруымыз керек .Олар: адал еңбек, саналы ар,шынайы жүрек-осы қасиеттерді басшылыққа ала отырып, мектеп психологтары М.Мулдагазина мен А.Султашева пән мұғалімдерімен бірлесіп, «Жүректен жүрекке», «Жүрек жылуы» тақырыптарында тренинг өткізіп, мұғалім мен балалар арасында өзара түсіністік, сыйластық, бір-біріне деген құрметтің бірінші кезекте тұруы , өзара дос-құрбыларына , дәрежесі мен құқығы тең адамдарша тілдесіп,түсінулері жақсы нәтижеге жеткізді.Дінтану пәнінің мұғалімі Ж.Алиев «Ислам дінінің ізгілігі» тақырыбында дінге бейім оқушылармен

дөңгелек үстел, «Дінге көзқарасыңыз?» тақырыбында мектеп психологтары сауалнама жүргізіп, оқушылар бойындағы имандылық, инабаттылық қасиеттерді шындай түсті.

Дене тәрбиесі және салауатты өмір салты бағыты бойынша -Ақтөбе облысы білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының Аймақтық бағдарламасын жүзеге асыру, оқушыларға салауатты өмір салтын насихаттау бағытында мектепте жоспарлы жұмыс жүргізілді. Мақсаты: Оқушылар арасында есірткі құралдарымен басқа зиянды заттар қолдануға дейін саналы түрдегі жағымсыз қарым-қатынас қалыптастыруға жәрдемдесетін қажетті ғылыми әдістемелік, ұйымдастырушылық, ақпараттық, құқықтық және басқа жағдайларды қамтамасыз ету.

СПИД және жыныстық тәрбие, зиянды заттардың алдын алу қосымша бағдарламаларын басшылыққа ала отырып мектепте әр түрлі шаралар, тәрбие сағаттары өткізілді. Туберкулездің алдын алу, салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында жұмыс жоспарлары бекітіліп, бұйрық шығарылды. Бұйрықтың негізінде бағдарламаны орындау мақсатында іс-шаралар жоспарланды. Мектеп-лицейімізде коронавирустық инфекцияның алдын алу мақсатында оқушылар, мұғалімдер, техперсоналдар арасында санитарлық – ағарту жұмыстары жүйелі жүргізіліп отырады. Сонымен қатар, Туберкулезді анықтау үшін мектеп қызметкерлері, 8-11 класс оқушылары флюорографиялық тексеруден жыл сайын өтеді.

Қыркүйек айында 1-4 класс оқушылары аралығында мектеп жанындағы алаңда Денсаулық фестиваліне байланысты флеш-моб, түрлі спорттық шаралар ұйымдастырылды. Ұйымдастыруды дене тәрбиесі пәні мұғалімдерімен бірлесе атқарылды.

Облыстық салауатты өмір салты орталығымен бірлескен жылдық жұмыс жоспары құрылып, түрлі шаралар өткізді. Бұл бағыт бойынша класс ата-аналарына «Бала ортада өзін қалай ұстау керек?» тақырыбында ата-аналарға арналған бағыттамамен таныстырылды. 1-11 класс оқушыларын дене тәрбие пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен қыс айларында бұйрықпен «Тау» турбазаларына саяхатқа, шаңғы тебуге апарылды. Әр мерекеге орай спорттық жарыстар ұйымдастырылып отырды. Атап айтар болсақ, 5-8, 9-11 кластар аралығында баскетболдан, волейболдан М.Кулов пен Б.Егінбайдың ұйымдастыруымен жарыс өткізіліп, оқушылар мақтау қағаздармен марапатталды. Сонымен қатар, мұғалімдер арасында ,ата-аналармен мұғалімдер болып волейболдан жарыстар ұйымдастырылды. 22 наурыз Ұлыстың Ұлы күні мерекесіне байланысты «Қазақтың ұлттық ойындары» білектесу, арқан тартыс сайысы өз дәрежесінде ұйымдастырылды.

Ж.Отарбаев «Салауаттылықты қолдау –болашақ ұрпақ қолында» тақырыбында тәрбие сағатын өткессе, Б.Калиев «Біз қалай салауаттылықты сақтаймыз»тақырыбында пікір-талас,, А.Есенбаев «Салауаттылық дегенді қалай түсінеміз?»тақырыбында баяндама оқылып, мектеп психологы оқушылардан сауалнама жұмыстары алды.

Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие-оқу жылының басы «Кел, балалар, оқылық!» атты 1 кластарға арналған салтанатты жиынмен басталды.Қазақстан халықтарының тілдері күні мерекесі қарсаңында «Тілім-тірегім, бірлік-тілегім» атты мерекелік концерт ұйымдастырылды. Қарттар күні қарсаңында «Қариясы бар үйдің-қазынасы бар» қайырысыдылық акциясы көрініс тапты. Қазан айында оқушыларға діни экстремистік көзқарастар мен іс-әрекеттерге қарсы тұру қасиеттерін қалыптастырудағы отбасы мен мектептің тәрбиелік мүмкіндігі

діни көзқарастарын қалыптастыру мақсатында 9-11 кластар аралығында түсіндіру жұмыстары жүргізілді.Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі 30 жылдығы мектеп-лицейіде кең көлемде аталып өтті.Барлық кластарда ашық тәрбие сағаттары өткізіліп, жас класс жетекшілер сахналық қойылымдар қойды. Бірлестіктер арасында «Мен елімді сүйемін» тақырыбында әскери-патриоттық ән байқауы ұйымдастырылды. 2-5 класс оқушыларын «Жас ұлан» ұйымына қабылдау рәсімі жүргізілді.Оқушылардың құқықтық сауаттылықтарын қалыптастыру мақсатында «Құқық апталығы» ұйымдастырылды. Апталық барысында дөңгелек үстелдер мен пікірсайыстар, кластың тыс шаралар ұйымдастырылды.

Рухани-танымдық адамгершілік тәрбие бойынша оқу жылының басында әдеттегідей «Мектепке жол», «Қамқорлық» акциялары жүргізіліп, оған ата-аналар мен мектеп ұстаздары, оқушылары ат салысты. Жасөспірімдердің бос уақыттарын ұйымдастыру мақсатында мектепішілік үйірмелер мен спорттық секциялар бөлініп, бекітілді. Ұстаздар күні қарсаңында ұлағатты ұстаз Ы.Алтынсариннің 180 жылдығына арналған әдеби кеш өткізілді. Қазақ тілі мен әдебиеті бірлестігінің мұғалімдерінің ұйымдастыруымен өткізілген ісшарада оқушылар ақынның өлеңдерін оқып, көріністер қойды. Мектеп психологтары қараша айында «Жақсы қасиет-жан азығы», «Күлімдеу» акцияларын ұйымдастырып, мектеп оқушыларына көтеріңкі көңіл -күй сыйлады.

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты-бойынша қыркүйек айында «Кибербуллинг- жаңа заман залалы» тақырыбында сауалнама алынып, сол бойынша жұмыстар жүргізілді. Мектеп психологтары ата-аналармен оқушыларға жадынамалар таратып, жеке кездесулер мен кеңестер жүргізді. Дене тәрбиесі әдістемелік бірлестігінің ұйымдастыруымен «Ұлттық ойындар-ұлтымыздың құнды мұрасы» тақырыбындағы апталық өткізілді. Апталық барысында кластар аралығында ұлттық ойындардан сайыстар ұйымдастырылып, бірлестіктер арасында да ойындар өткізілді.

Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу- бойынша «Оқуға құштар» жобасы мен , «Ұшқыр ой»алаңының маңызы зор. Қыркүйек айында «Жас Ұлан» оқушылар ұйымының топ басшыларын сайлау қарсаңында «Мен көшбасшымын» тақырыбында пікірталас ұйымдастырылды. Пікірталасқа 8-11 класс оқушылары қатысып, өз ойларын білдірді. «Оқуға құштар» жобасы аясында мектеп кітапханашысы ҚР Тәуелсіздігінің мерейтойына арналған «Тәуелсіздігіміздің 30жылдығына-30кітап» атты акция аясында көркем әдебиеттерді оқушыларға таныстырып отырады. Желтоқсан айында педагог-ұйымдастырушы «Тәуелсіздіктің ақ таңы» атты байқау ұйымдастырып, жоғары класс оқушылары белсене қатысты.

Көмпадениеттілік және көркем эстетикалық тәрбиені жүзеге асыруда «Гүл -ғажайып дүние», «Әсем саз» , «Сымбат» хор үйірмесінің маңызы зор. 1-қыркүйек күні «Кел, балалар, оқылық!» атты 1-класс оқушыларына салтанатты жиын ұйымдастырылды. «Анаға тағзым» рухани адамгершілік кешенімен меморнадум аясында өткізілетін іс-шаралараға «Әсем саз», «Сымбат» хор үйірмелерінің мүшелері белсене қатысады. Ұстаздар күні қарсаңында «Мың алғыс саған, ұстазым», Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында «Тәуелсіздік туы» атты мерекелік концерттер өтті.

2022-2023 жылы

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие бағыты бойынша қыркүйек айында «Тазалық табалдырықтан басталады» демекші мектебіміздің 6-11 класс оқушылары сенбілік барысында Жаңақоныс елдімекенінде орналасқан «Балбұлақ» балабақшасы, «Балалар шығармашылық үйі», «Бақытжан» мешіті және амбулатория жанындағы қоқыстарды жинап, көше тазалығын қалпына келтіруге атсалысты. Ұстаздар мерекесі қарсаңында «Мектеп парламенті» өзін –өзі басқару ұйымы мен «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының белсенді оқушылары өз қолдарынан шыққан сыйлықты ұстаздарға тарту етті.

Экологиялық білімді қалыптастыру, оқушылардың тұрмыстық қалдықтарды өңдеу әдістері туралы білімдерін кеңейту мақсатында «Қалдыққа екінші өмір сыйлайық!» байқауы өткізіліп, ерекше идеямен жасалынған жұмыстар марапатталды.

Білім берудің жүйесіне сай жас шәкірттің ойлау қабілеті мен шығармашылығын шыңдау мақсатында мектепішілік «Менің қиял әлемім» атты жаңа жылдық ойыншықтар жасау байқауы өткізілді. Кәсіби білім беру жоспарына сәйкес адам еңбегін бағалай білуге, қоғамға қажетті мамандық туралы білімдерін нығайту, мамандыққа деген бейімділігін арттыру мақсатында 3-5 класс оқушыларына арналған «Ата-анамның жұмыс орнындағы бір күн» атты онлайн бейнероликтер байқауы, 5-6 класс оқушылары арасында «Мен қалаған

мамандық» тақырыбында сурет байқауы, 1-4 класс арасында «Мамандық таңдау- маңызды іс» тақырыбында тәрбие сағаты, 6-7 класс оқушылары арасында «Мың мамандық бәрі бар. Таңдап, талғап бірін ал!» тақырыбында мамандықтар туралы бейнеролик байқауы, 9 кластар арасында «Грант үшін мамандық таңдау дұрыс деп есептейді» қарары бойынша пікірталас өткізілді. «Күшіміз бірлікте» жобасы аясында қоршаған ортаны қорғауға бағытталған «Макалатура өткізіп, ағашты қоғайық!» акциясы өткізілді. Нәтижесінде 507 кг макалатура өткізіліп, түскен қаражатқа мектебіміздегі бір отбасының екі оқушысы қажетті оқу- құралмен қамтамасыз етілді. Ал 8 наурыз –Халықаралық әйелдер күні қарсаңында оқушыларды еңбекке баулу мақсатында 1-7 класс оқушыларының ата- аналарымен бірігіп, әртүрлі материалдарды қолдана отырып жасаған гүлдері «Көктем сәні-гүл» атты көрмеге қойылып, барлық оқушы марапатталды.

Мектебіміздің оқушылары мен ата-аналары «Жасыл мекен» республикалық челлендж аясында мектеп ауласын көгалдандыру жұмысына белсене қатысты.

Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу бойынша оқушылардың интеллектуалды ой-өрісін, шығармашылығын дамыту мақсатында қала мектептері арасында «Ұлтжанды ұрпақ- ұлтымыздың іргесі» тақырыбында ұйымдастырылған дебат турнирінде мектебіміздің 11 класс оқушылары Мешітбаева Мерейім мен Байғараева Сабина қатысып, жүлделі I орынға ие болды. «Оқуға құштар» жобасы аясында «Ертегілер еліне саяхат» тақырыбында «20 минут оқы», «Жылдам оқу жүйірігі», «Еркін оқу кеңістігі», «Кітап арқылы өзін –өзі дамыту», «Өзің оқып, өзгеге ұсын», «Кітапханаға кітап сыйла», «Қыста кітап оқимыз» бағыты бойынша іс- шаралар өткізілді. «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының «Зерде» бағытының ұйымдастыруымен 3 класс оқушыларына арналған мектепшілік «Ең үздік математик» байқауы өткізіліп, нәтижесінде жеңіске жеткен 3 «А» класс оқушысы Таңбаев Тілеухан «Әдістемелік кабинет» КММ және Қазақстандық ұлттық ЮНЕСКО клубтарының федерациясы мүшесі- «Қалалық оқушылар сарайының» ұйымдастыруымен өткізілген «Ең үздік математик» байқауына қатысып, жүлделі III орынға ие болды. «Бала жылы» аясында «Әдістемелік кабинет» және «Қалалық оқушылар сарайы» МКҚК жоспарына сәйкес 2022 жылдың қараша айында өткізілген «Үздік класс» қалалық әуесқой мобилографтар байқауына қатысып, I орынға ие болды. Жас буынды сауатты сөйлеу, жүйелі ойлау, ораторлық қабілетті арттыру мақсатында «Тұғыры биік Тәуелсіздік» тақырыбында 10 класс оқушылары арасында пікірсайыс өткізілді.

Оқушыларды ақпараттық қоғамда өмір сүруге дайындау, коммуникативті дағдыларын дамытуға, мәлімет алмасуға бағытталған «KS media» студиясы ашылып, «Мектеп тынысы» және «Жанымда жүр жақсы адам» бағдарламалары арқылы кездесу ұйымдастырып отырды.

Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие бойынша 1 қазан – Халықаралық қарттар күні мерекесіне орай «Қарттарым- асыл қазынам» атты мерекелік концерт ұйымдастырылып, ауыл өміріне, қоғамдық жұмыстарға белсене қатысып жүрген ақсақалдар марапатталды. Сонымен қатар 1-11 класс бойынша тәрбие сағаттары өткізіліп, қонақ ретінде оқушылардың ата-әжелері шақырылды. Мұғалімдер мерекесі қарсаңында «Шығармашылық академиясында» өткен мерекелік кеште «Сымбат» балалар хоры өнер көрсетіп, ұстаздарға мерекелік көңіл күй сыйлады. Республика күні қарсаңында оқушылардың патриоттық, ұлтжандылық сезімдерін қалыптастыру мақсатында «Тәуелсіздік - болашағым» атты патриоттық әндер байқауы өткізілді. Байқауға қала мектептерінен 41 оқушы қатысты. Байқау жеңімпаздары дипломдармен марапатталды.

Оқушылардың бойында мәдениеттілікті қалыптастырып, өнерді бағалай білуге тәрбиелеу мақсатында 1-4 класс бойынша 240 оқушы «Алдаркөсенің сиқырлы дүрбісі» атты

қойылымына, 5-11 класс бойынша 110 оқушы Т. Ахтанов атындағы облыстық драма театрына «Қара пима» қойылымына, 9-10 класс оқушылары «Алғашқы махаббат» қойылымына, 6 класс оқушылары Ақтөбе облыстық «Алақай» қуыршақ театрының «Пай, пай қасқыр» қойылымына барды.

«Umit» шығармашылық орталығының ұйымдастыруымен өткізілген «Таланттар сыр шертеді» атты республикалық балалар мен жастар шығармашылығы байқауына «Эстрадалық вокал» номинациясы бойынша қатысқан мектебіміздің «Сымбат» хоры - бас жүлде, Хайролла Аида, Бақтығалиева Айгерім- II орын, Бейбітов Алитемірхан- III орын, «Өнер» орталығында ұйымдастырылған V облыстық балалар мен жасөспірімдер арасындағы хор музыкасының чемпионатына қатысып, жүлделі III орынға ие болды.

Оқушылардың эстетикалық талғамын, шеберлігін дамыту, танымдық, шығармашылық қабілетін арттыру мақсатында 8-9 класс оқушылары арасында «Бозбала мен бойжеткен» байқауы өткізілді. Нәтижесінде бас жүлде-8д кл, I орын-9д, II орын-8в кл, III орын- 8 г класы, «Білімді жұп» номинациясын – 8а кл, «Өнерлі жұп» номинациясын – 8б кл, «Креативті жұп» номинациясын – 8 е кл, «Шығармашыл жұп» номинациясын – 9 а кл, «Жарасымды жұп» номинациясын - 9ә кл, «Тапқыр жұп» номинациясын-9б кл, «Көгермен көзайымы» номинациясын- 9 в кл, «Талантты жұп» номинациясын - 9 и класы иеленді. Жасөспірімдердің шығармашылық шеберлігін шыңдау мақсатында ұйымдастырылған халықаралық шығармашылық «ZHAS TALANT» фестиваль –байқауының хореография номинациясы бойынша мектебіміздің «Асылназ» бишілер тобы «Құпия сыйлық» биімен «Бас жүлдеге», IV республикалық «FESTLIFE» хореография байқауына «Қайсар қыздар» биімен қатысып, I орынға ие болды. Балалар бойындағы шығармашылыққа деген талпынысты арттыру мақсатында «Жырлаймын сені туған ел» атты қалалық ән байқауы , «Театр- өмір айнасы» атты қалалық театр өнер байқауы өткізілді.

Дене тәрбие және салауатты өмір салты бойынша I қазан халықаралық қарттар күніне орай ардагерлер арасында шахмат жарысы өткізіліп, марапатталды. Оқушылардың интернетке тәуелділігінің алдын алу мақсатында «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының ұйымдастыруымен «Мен offline» атты акциясы өткізілді. Акция барасында оқушылар түрлі тренингтермен қатар , спорттық эстафетада бақтарын сынады. «Мектеп парламенті» өзін –өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен «Балалар жылы» жобасы аясында оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында 8-9 кластар арасында мектепшілік футбол жарысы ұйымдастырылды. Жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында 5 кластар арасында «Нашақорлыққа жол жоқ» тренингі, 8 и және 9 и кластарында «Мои интересы, мои увлечение» тақырыбында дөңгелек үстел, 8-10 кластар арасында «Нашақорлық –жастардың болашағын жоятын қару» тақырыбында пікірталас ұйымдастырылды. Шара барысында оқушылар қазіргі қоғамның өзекті мәселесі жастар арасындағы кеңінен қолданылып жүрген электронды темекінің зиянына талдау жасай отырып, нашақорлықтың алдын алу үшін өздерінің ұсыныстарын ортаға салды. Оқушылардың дене даярлығын, спорттық шеберліктерін арттыру мақсатында 10-11 класс оқушылары арасында «Жас құтқарушы» әскери- спорттық байқауы өткізіліп, байқау нәтижесінде I орын-10 А, II орын- 10 Ә, III орын-11 А класы иеленді. Сонымен қатар 8 класс оқушылары арасында «Жас Ұлан» әскери-қолданбалы спорт сайысы өткізілді. Нәтижесінде I орын- 8 д кл, II орын- 8 «а», III орын -8 г кл иеленді. Бұқаралық спортты дамыту және волейбол ойынына деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында 8-9 кластар арасында «Волейбол» жарысы ұйымдастырылды.

2023 жылдың 18 қаңтар күні білім ордамызда шахмат спорт түрін насихаттау, зияткерлік спорт түрлеріне деген қызығушылығын арттыру мақсатында «ZIYATKER» шахмат клубы ашылды.

Келешекте өз елінің, қоғамның салауатты, өркениетті азаматы етіп қалыптастыру, жас ұрпақты жаман әдеттерден аулақ болуға шақыру мақсатында 8 «Е» класының ұйымдастыруымен «Logспорт» эстафеталық ойыны өткізілді. «Қол күрес» ойынын насихаттау, спортқа деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында 9 «В» класының ұйымдастыруымен 8-9 класс оқушылары арасында «Қол күрес» турнирі өткізіліп, жеңімпаздар мақтау қағаздарымен марапатталды.

Жеке бас гигиенасын сақтау, адам денсаулығы бағалы байлық екенін түсіндіру мақсатында мектеп медбикесі мен психологтары «Қыз өссе –елдің көркі» тақырыбында 5-7 класс оқушылары арасында жиналыс өткізіп, оқушылар тарапынан қойылған сұрақтарға кеңінен жауап берді.

2023-2024 жылы

«ҰЛТТЫҚ МЕКТЕП ЛИГАСЫ» жобасы бойынша 1-9 кластар арасында дене шынықтыру бірлестігінің ұйымдастыруымен «Ұлттық ойындар-бабаларымыздан қалған асыл қазына» атты ұлттық ойындар жарысы өткізілді. Ұлттық ойындар ерте заманнан қалыптасқан дәстүрлі ойын-сауықтардың бір түрі. Оның бастауы тым тереңде, ғасырлар қойнауында жатыр. Осы ойындар негізінде әр халық әртүрлі жаттығулар жасау жолымен дене шынықтыру ісінің негізін салды. Аталған жарыста оқушылар арқан тартыс, соқыр теке, асық ойыны, теңге алу және т.б. ойынын ойнап, үздіктер марапатталды. Сонымен қатар шаршаудың алдын алу, ой қабілетін қалпына келтіру, дене бітімі бұзылуын алдын алу мақсатында республикалық дене сергіту челленджі ұйымдастырылды. Шараға 1-11 класс оқушылары қамтылып, оқушылар спорт залда және оқу кабинеттерінде арнайы берілген видео арқылы дене жаттығуларын жасады. Оқушылардың күзгі демалысы кезінде мектепшілік жоспарға сәйкес 6 класс оқушылары арасында «Біз спортты сүйеміз» тақырыбында көңілді эстафетта өтті. Салауатты өмір салтын насихаттай отырып эстафета спорттық ойынын дамыту және оқушылар арасында достық арасында достық қарым-қатынасты нығайту, оқушылардың денсаулығын арттыру және шапшаңдыққа, жылдамдыққа төзімділікке, салауатты өмір салтына тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылды. Нәтижесінде 1 орын 6 «Б», 2 орын 6 «А», 3 орын 6 «В» иеленіп марапатталды. Сонымен қатар зорлық-зомбылықсыз 16 күн республикалық науқаны аясында 4 класс оқушылар арасында «Біз бақытты баламыз» спорттық сайысы өткізілді. Жарыстың мақсаты ойын кезінде өзін-өзі бақылау арқылы белсенділікке, сенімділікке қайсарлыққа батылдыққа ұйымшылдыққа тәрбиелеу. «Жас ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының ұйымдастыруымен біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру барысында «Ұлттық мектеп лигасы» жобасы аясында 9-11 класс оқушылары арасында волейболдан жарыс өткізілді. Мақсаты: мектеп оқушыларын дене шынықтыру және спортпен үздіксіз айналысуға тарту, волейбол спорттық ойынын кеңінен насихаттау, волейбол ойынына деген қызығушылықтарын арттыру, мектептің үздік командасын анықтау. Нәтижесінде: 1 орын «Жас тұлпар» тобы 11 класс, 2 орын «Ақтөбе» тобы 9 класс, 3 орын «Жетісу» тобы 9 класс, Алғыс хат «Сәтбаев» тобы 10 класс, Алғыс хат «Константин» тобы 11 класс. Пневматикалық қаруды көрсете отырып, оның құрылысы мен қаруды қалай ұстаудың қауіпсіздік ережелерін үйрету, жастар арасында патриоттық сезімді ояту, үздік мерген спортшыны анықтау мақсатында «Жас мерген» клубының жетекшісі Б.Қалиевтің ұйымдастыруымен ҚР Тәуелсіздік күніне орай мектепшілік жоспарға сәйкес «Мерген оқушы -2023» сайысы өткізілді. Сайыс нәтижесінде 1 орын -11 «Б» класы, 2 орын -10 «Б» класы, 3 орын -11 «А» класы иеленіп марапатталды. Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру барысында Ұлттық мектеп лигасы жобасы аясында «AIS» мектебінде 2011-2012 жылы туылған ер балалар арасында «AIS Volleyball Cup» турнирі өтті. Турнирге мектебіміздің Волейбол үйірмесінің оқушылары қатысып, бақтарын сынады. «Спорт -

менің өмірімде» тақырыбында футболшылармен кездесу өткізілді.Кездесу барысында Ақтөбе футбол командасының ойыншылары оқушылардың сұрақтарына жауап беріп,өз тәжірибелерімен бөлісті.Кездесуге келген «Ақтөбе» футбол командасының ойыншылары Хади Ахмади, Букиа Турнике, Мигэль Это, Асхат Кульбаев оқушыларға шебер класс көрсетіп, жолдастық кездесу өткізілді. Ұлттық спорт түрлері мәдени мұраны сақтауға, жас ұрпақтың ұлттық сана-сезімін күшейтуге ықпал етеді.Біздің ұлттық спортымыз-тек сайыс пен жарыс емес,онда көшпелі тұрмыстың рухы бар.Ұлы Далада күш қайрат, ептілік, өзін-өзі кемелдендіруге ұмтылыс, жақындарына тіреу болу қабілеті, өмір сүру мен дамудың кілті саналған.Ұлттық спорт күніне орай «Ұлы дала елінің ұлттық ойындары» тақырыбында асық ату, тоғызқұмалақ, бес асық, арқан тарту,секілді ұлттық спорт түрлерінен жарыстар ұйымдастырылды. Біртұтас тәрбие бағдарламасының Ұлттық мектеп лигасы жобасы аясында мектеп-лицейімізде алғаш рет ата-аналар, мұғалімдер, оқушылар арналған «Шахмат-ақыл ой» спорт түрі тақырыбында шахмат турнирі өтті. Турнирге 50-ден астам оқушылар мен 15 мұғалім, 20 дан астам ата-ана қатысты. Турнирге мектеп-лицейіміздегі Зияткер шахмат клубының жетекшелері Байтлеуов Гинаят Елемесұлы, Есенбаев Абат Кашайманович төрешілік етті.Турнир жеңімпаздарына кәсіподақ ұйымы және 9 «Г» класс ата-анасы Самарбаев Нурлан Агинғалиевич, 8 «Ә» класс ата-анасы Сансызбай Фархат Сәрсенбайұлының демеушілігімен ақшалай сыйлықтар табысталды.Демеушілік танытқан ата-аналарға мектеп әкімшілігі тарапынан Алғыс хаттар ұсынылды.Аталған шара алдағы уақытта дәстүрге айналатын болды. Елімізде шаңғы спорты мемлекеттік бағдарлама бойынша мектепте оқытылады. Шаңғы спортын оқу процесінде жүргізудің негізгі мақсаты – спорттың осы түрін дамыта отырып, дені сау ұрпақты тәрбиелеп,білім беру сапасын жоғарылату.Шаңғы спортының мазмұнын, ережелері мен ерекшеліктерін шаңғы тебудің әдіс-тәсілдерін, шаңғыны күтіп ұстауды практика жүзінде үйрету. Спортқа деген қызығушылығын арттыру.Отанын сүюге елін, жерін қорғауға, адамгершілікке, ұқыптылыққа салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу, осыған орай мектебімізде 19 ақпан күні «Спорт – біздің серігіміз» атты шаңғы жарысы өтті. 8-9 класстар арасында тоғызқұмалақтан жарыс өткізілді. Қазақтың ұлттық интеллектуалдық ойыны, бәсеке арнайы тақтада екі адам арасында өтеді. Ойын тақтасы-2 қазан,18 отау,162 құмалақтан тұрады.Ойын басында әр ойыншыға бір қазан,тоғыз отауға тоғыз-тоғыздан салынған 81 құмалақ тиесілі. Көне түркілер мен моңғолдар киелі саналған тоғыз санының негізінде өрбитін ойын манкала тобына жатады. Математикалық ойлау жүйесін дамытып,төзімділікке баулиды.

«ҒАЛАМТОР ҚАУІПСІЗДІГІ» жобасы бойынша өткізілген желілік этикет-адамдардың онлайн ортадағы өзара әрекеттесуін реттейтін мінез-құлық ережелері мен нормалар жөнінде және интернетті және әлеуметтік медианы пайдалану кезінде сыпайылық, құрмет, құпиялылық және қауіпсіздік ережелерін қамтитын, қақтығыстардың алдын алу және жағымды және қауіпсіз онлайн ортаны құру үшін маңызды. Осы орайда 1-4 кластар арасында тәрбие сағаттары өткізілді. «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының ұйымдастыруымен «Интернетсіз бір күн» акциясы аясында оқушылар «Шұғыла» демалыс орталығына барып,бір күнді интернетсіз өмірге арнап,табиғат аясында бос уақыттарын тиімді өткізді. «Ғаламторда қауіпсіздік қалай қамтамасыз етіледі?» тақырыбында 10 кластар оқушылары арасында ақпараттық түсіндірме жұмысы өткізілді. Оқушылардың интернет туралы толық ой қалыптастыру, оқушылардың тапқырлық, ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру, шығармашылық баулу. Бүкіләлемдік өрмек-интернетке байланысты оқушыларда толық ой қалыптастыру, пайдасы мен зиянын түсіндіру, оқушылар өз ойларын тиянақты жете айта білуге,өздерін сабырлы әрі тәртіпті болуға,басқаны тыңдай білуге тәрбиелеу мақсатында информатика пәнінің мұғалімі

Тілепбергенова М. «Интернет менің өмірімде» тақырыбында 6 класс оқушылары арасында дөңгелек үстел өткізді. 5 класс оқушылары мектеп кітапханасында «Ғаламтор орнына кітап» библиографиялық шолу өткізілді. Мақсаты: Оқушының ғаламторға тәуелді болмай, бір мезгіл кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, ақын-жазушылардың шығармаларынан үзінді оқып, ой-өрістерін кеңейту. Оқушыларға ғаламтордың пайдасы мен зияны және кітап туралы мағлұмат бере отырып, жақсысын үйреніп, жаманынан жиренуге үйретуге, оқушыларды өз ойларын ашық, нақты тиянақты жеткізе білуге тәрбиелеу. «Fales» дебат үйірмесі 8 кластар арасында «Әлеуметтік желілерге қажет пе? Тақырыбында Линкольн-Дуглас форматында дебат өтті. Сайысқа мектебіміздің барлық 8 кластар оқушылары қатысып нәтижесінде 8 «Д» сынып жеңіске жетті. Мақсаты: Оқушылардың бір-бірімен саналы қарым-қатынасын қалыптастыруда әлеуметтік желінің пайдасы, зияны туралы пікірлесе отырып, өзін-өзі басқаруға, бағалау және рефлексиялық ойлау дағдыларын қалыптастыруға үйрету. Сонымен қатар 8-11 кластар оқушылары арасында «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында ынтымақтастық пен тәрбиелік, достық қарым-қатынас, мейірімділікке бағытталған «Kino Time» қайырымдылық кино көрсетілімі өткізілді. Оқушылар кино қарап қоймай, сонымен қатар өздерінің уақыттарын көңілді өткізе отырып, қайырымдылық акциясына үлес қосты. Жиналған қаражатқа мұқтаж жандарға көмек берілді.

«ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» жобасы аясында «Менің сүйікті кітабым» атты балалар басылымдарынан кітап көрмесі 4 «А» класына таныстырылды. Оқушылар өздерінің оқыған басылымдарынан бір-бірімен ой бөлісті. Облыстық білім басқармасы мен Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасының ұйымдастыруымен «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Менің сүйікті кітабым» атты балалар басылымдарынан кітап көрмесі 4 «Г» класына библиографиялық шолу жасалынды. Оқушылар өздерінің оқыған ертегілерінен түсінгендерін баяндады. Облыстық білім басқармасы мен Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасының ұйымдастыруымен «Оқуға құштар мектеп» Республикалық челлендж барысында Ақмола облысы Ақтөбе облысына Қасым Қайсеновтың «Жау тылындағы бала» кітабын оқуға ұсынды. Облыстық білім басқармасы мен Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасының ұйымдастыруымен «Оқуға құштар мектеп» аясында ұйымдастырылған челленджді Қ.Қайсеновтың «Жау тылындағы бала» кітабын мектебіміздің оқушылары жалғастыруда. Ақтөбе облыстық «Оқитын өлке» акция аясында «Әнге айналған -Сағи өлеңдері» атты кітап көрмесі, Сағи Жиенбаевтың шығармалары таныстырып, библиографиялық шолу жасалынды. Кітапханада Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздері, сонымен қатар, «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Үзілісте кітап оқимыз» тақырыбында оқушылар кітап оқып, өзара оқыған кітаптарымен пікірлесті, жаңа келген әдебиеттермен таныстырылды. «Туған өлкем – Ақтөбе», Тілдер күніне орай «Жасай бер, ана тілім – Қазақ тілі» тақырыптық кеш, «Тәуелсіздік-елімнің еркін жолы», тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды. 1-класс оқушылары жетекшілерімен бірге мектеп кітапханасына саяхат жасап, кітапхана ережесімен, кітап қорымен танысты. Қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімімен бірлесе отырып О.Бөкейдің «Атаукере» шығармасына талдау жасалды.

Ағартушы, ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың туған күніне орай «Сөз сұлтаны - Сұлтанмахмұт» тақырыбында поэзия кеші өткізілді. Республика күніне орай «Қазақстан туған елім, ұлы өлкем» тақырыбында оқушылармен сұрақ-жауап, әңгімелесу, «Тәуелсіздік-елімнің еркін жолы» 25 қазан Республика күніне орай библиографиялық шолу өткізілді. «Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Ізгілікке қалам тартқан жас ғұмыр» 1 класс оқушыларын кітап әлемімен таныстырдық. Күзгі, қысқы, көктемгі демалыс кезінде «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Демалыс кезінде біз кітап оқимыз, жалықпаймыз» тақырыбында оқушыларды қызықты кітаптармен таныстырып оларға «Дауыстап ойлау» тәсілі, әңгіме, ертегілерден үзінді оқыдық. Сонымен қатар, Ш.Құдайберді «Қалқаман-Мамыр» поэмасынан сахналық қойылым көрсетілді. 4 «Г» класс оқушылары арасында төл

теңгеміздің айналымға енгеніне 30 жыл толуына орай «Ұлттық валюта -теңге күні» атты таныстыру әңгімесі өткізілді. «Өзің оқыда, өзгеге ұсын» кітап алмасып оқу шарасы, сонымен қатар 7 класс оқушылары арасында «Тапқыр достар» интеллектуалды ойын ұйымдастырылды. «Мемлекеттік рәміздерге құрмет- азаматтық міндет» 4 «Ә» класс оқушылар арасында түсіндірме жұмыс жүргізілді. 8,9,11- кластар арасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, «Ұлы дала прозасы», «Таласбек Әсемқұлов» номинациясы жеңімпазы жас қаламгер Әлихан Жақсылық Нұрбергенұлымен «Жұлдыздай жарқырайтын жаңа есім» атты сыр-сұхбат өткізілді. 11-класс оқушылары арасында «Жақұты барға жасын түспейді» атты тарихи танымдық сабақ өткізілді. Сонымен қатар Тест сұрақтары беріліп, «Bookbingo» әдісімен ойын ойнатылды. 3 «А», 4 «А» класс оқушылары арасында «Оқуға құштар мектеп» акциясы аясында оқылған кітаптары туралы ой бөлісті. 2 «А», 2 «Б» класс оқушылары «Оқу сағаты» жобасы бойынша үзіліс кезінде 20 минут оқып, өз ойларымен бөлісу шаралары ұйымдастырылды. 2023 жылдың 11-15 желтоқсан аралығында Қазақстан Республикасы тәуелсіздігі күніне орай «Желтоқсанда үзілген жау қазын» тақырыбында QR арқылы оқушылар ашып танысты және «Тәуелсіздік бастауы- Желтоқсан» атты кітап көрмесіне библиографиялық шолу өткізілді. 1-класс оқушыларына «Кітаптар қаласына саяхат», «Кітап шеберханасы» тақырыбында танымдық сабақ өткізілді. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 20 минуттық оқу сағаты, 5 минуттық оқу сағаты, оқуға ұсынылған кітаптардың аудио-жазбалары тыңдатылды. Балалар оқыған «Үш дос», Теремок TheJitehouse» атты ертегілерден қойылым қойды. 9-ақпан күні мұзбалақ ақын Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай 9 «Д» класс оқушылары арасында «Әр өлеңі-бір әлем» әдеби-сазды кеші өткізілді. 5 класс оқушылары арасында «Интернет орнына кітап» библиографиялық шолу өткізілді. 9 класс оқушылары арасында «Қазақ даласының ұлы тұлғалары» танымдық сағат ұйымдастырылды. 10«А», 10«Ә», 10«Б» класс оқушылары арасында «Мың алғыс...» тақырыбында кездесу ұйымдастырылды. Кездесуге мектебіміздің математика пәнінің мұғалімі, ардагер ұстаз К.Кенжалин және физика пәнінің мұғалімі М.Тұрғанбаева келіп, ұстаздық еткен жолында кездескен қиын және қызықты оқиғаларын баяндап, оқушылардың сұрақтарына жауап берді. Бұл кездесуден әрбір оқушы өзіне қажетті ой түйді. 29.02-31.03 аралығында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 4 «А», 4 «Г» класс оқушылары арасында «Менің сүйікті кітабым» атты балалар басылымдарынан кітап көрмесі, Оқушылар өздерінің оқыған ертегілерімен ой бөлісті. «Бір ел- бір кітап» республикалық акциясы аясында қазақ балалар әдебиетінің жазушысы, қазақ әдебиетінің қаламгері Бердібек Соқпақбаевтың туғанына 100 жыл толуына арналған шығармалары көпшілік оқырмандарға ұсынылып отыр 5 «Д» класс оқушылары арасында «Менің атым Қожа» шығармасына жазушының өмірі мен шығармашылығына шолу жасалып, тақырыптық дайджесті өткізілді. 6 «Д» класс оқушылары арасында «Балалық шаққа саяхат» шығармасына оқырмандар конференциясы өткізілді. «Оқитын өлке» облыстық акция аясында 4 «В» класс оқушылары арасында ақын, поэзия зергері Сағи Жиенбаевтың шығармаларын таныстырып, библиографиялық шолу жасалынды., «Әнге айналған -Сағи өлендері» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Сонымен қатар 7 «А», «Б» класс оқушылары арасында Облыстық білім басқармасы мен Республикалық ғылыми – педагогикалық кітапханасының ұйымдастыруымен «Оқуға құштар мектеп» республикалық челлендж барысында Ақмола облысы Ақтөбе облысына Қасым Қайсеновтың «Жау тылындағы бала» кітабын оқуға ұсынды. 4 «Б» класс оқушылары арасында «Тапқыр оқырман» сайысы өткізілді. 9 «Д», «Б» класс оқушылары арасында «Үнемі оқитын адам- табысты адам» тақырыбында мектебіміздің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, ақын Жұбаева Құндыз Естерекқызымен кездесу кешін ұйымдастырылды. 12 сәуір Ғарышкерлер күніне орай 3-7 класс оқушыларына «12 сәуір- ғарышкерлер күні» атты танымдық сағат, кітап көрмесі ұйымдастырылды. Сонымен қатар 6«А» класс оқушылар арасында 23 сәуір- «Дүниежүзілік кітап күніне орай, «Кітап -алтын қазынам» атты сайыс сабақ өткізілді. 2«Г» класс оқушылары арасында «Кітап- білім бұлағы» атты ойын сабақ өткізілді. 1 мамыр – Қазақстан

халқының бірлігі күніне байланысты 4«А» класс оқушылары арасында «Ұлттар достастыға» атты танымдық сағат, кітап көрмесі өткізілді. 7«Д» класс оқушылар арасында 9-мамыр Жеңіс күніне орай «Ұрпақтар ұмытпайтын. Ұлы Жеңіс» атты мәнерлеп оқу, «Ұлы Жеңіс-ұрпаққа аманат» кітап көрмесі ұйымдастырылды. 1 маусым – халықаралық балаларды қорғау күніне орай мектеп-лицейімізде «Бала-бақыт, бала-шаттық, бала-нұр» мерекелік шара ұйымдастырылып, «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында балаларға кітап оқып беріп, оқушыларға «Қызықты кітаптар әлемі шақырады» атты кітап көрмесі, әр түрлі викториналық сұрақтар қойылып, BOOK BINGO ойыны ойнатылды. «Алтын балалық шақ» мектеп жанындағы жазғы алаңы іс-шара жоспарына сәйкес «Балалар -кітап әлемінде» балаларға арналған кітап көрмесі таныстырылып, сонымен қатар «Қызықты математика әлемінде» атты интеллектуалды ойын өткізілді. Мектеп кітапханасында Халықаралық балаларды қорғау күнін мерекелеуге арналған қалалық «Алтын балалық шақ» іс-шаралар жоспары аясында «Айгөлек» лагерь оқушыларымен «Әлем әдебиетін бірге оқимыз» тақырыбында кітап оқу марафоны өткізілді. Мақсаты: жыл бойы өлкедегі ең үздік туындыны, жергелікті ақын-жазушының шығармаларын насихаттау, оқырманның кітапқа дағды сүйіспеншілігін ояту, олардың оқу мәдениетін қалыптастыру.

«БАЛАЛАР ЖӘНЕ ТЕАТР» жобасы бойынша «Алаш» балалар театры Ақтөбе қалалық білім бөлімінің ұйымдастыруымен өткен «Театр – өмір айнасы» атты қалалық байқауда «Алжир» көрінісін сахналап бас жүлдеге ие болды. Сонымен қатар отбасы күніне орай өткізілген мерекелік концертте отбасылық құндылықты насихаттау мақсатында «Әлеуметтік желі» қойылымын сахналады және Ұлы жеңісті жас ұрпақтың санасына насихаттау мақсатында «Күтпеген кездесу» көрінісін көрермен назарына ұсынды. Аталған көріністер халықтың ыстық ықыласына бөленді. «Алаш» балалар театры «Тәуелсіздік таңы» көрінісімен қалалық оқушылар сарайында өткізілген «Тәуелсіздік тұғырым» атты қалалық байқаудан 1-орын иеленді. Оқушылар «Алаш» театрының мүшелеріне сахналық мәдениетті сақтау мақсатында облыстық өлкетану мұражайына барды. Сондай –ақ, «Наурыз – достық пен ізгілік мерекесі» тақырыбында 22-наурыз Ұлыстың ұлы күніне орай өткізілетін концертке өз көріністерін көрерменге ұсынды. «Алаш» балалар театрының жетекшісі Дәулетов Арыстан мен театрдың актері Жомарт Айдар «Театр күніне» байланысты Қазақстан-Ақтөбе телеарнасының «Қайырлы таң – Ақтөбе» бағдарламасына барып өз сұхбаттарын берді. «Алаш» балалар театрының «Тіл – ұлт болашағы» көрінісіне дайындық жүргізілді. «Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» жобасы аясында «Алаш» балалар театры мектеп-лицейіміздің қабырғасында «Рухани дүние» тақырыбында көрініс қойды.

«ЕҢБЕГІ АДАЛ ЖАС ӨРЕН» /Еріктілермен жұмыс/ жобасы бойынша оқушылар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоғары сана мен мәдениетті дамыту, адалдыққа тәрбиелеу, бір-біріне деген сенімді қалыптастыру мақсатында ашылған мектеп-лицейде «Адалдық дүкені» үздіксіз жұмыс жасауда. Жобаның басты мақсаты: қоғамдық сенім атмосферасын біртіндеп құру және жастарға өзін жақсы, адал адам ретінде анықтауға мүмкіндік беру. Бұл жоба мектеп оқушыларын адалдыққа, мәдениеттілікке, қамқорлыққа, сыйластыққа баулиды. Сенім мен адалдыққа негізделген аталмыш шараға оқушылар қызығушылық танытты. Оқушылар өздеріне өздері қызмет жасайды. Оқушылардың арасында сыбайлас жемқорлықпен қарсы күрес мәдениетін қалыптастыру мақсатындағы жұмыстар әлі де жалғасын табатын болады.

«Сыбайлас жемқорлық-қоғам дерті» тақырыбында «Адал ұрпақ» клубының ұйымдастыруымен ақпараттық түсіндірме жұмысы өткізілді. Мақсаты: Оқушыларға «Сыбайлас-жемқорлық» деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыруға, өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейтуге, өз ойларын еркін жеткізе білу қабілеттерін дамытуға, өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу. 2023 жылдың 26 қыркүйек күні еңбек күніне орай ұйымдастырылатын іс - шаралар жоспарына сәйкес "Еңбек-барін де жеңбек" тақырыбында шығарма жазу байқауы өткізілді. Мақсаты: еңбектің адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіруге, еңбек жасай білу

дағдыларын дамытуға, еңбекке қызығушылықтарын арттыру және еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Шығарма жазу байқауына қатысқан оқушылар мадақтамалармен марапатталды.

Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектеп-лицейінің «Мейірім» еріктілер клубының мүшелері 9 класс оқушылары қаламыздағы №1 әлеуметтік қызмет көрсету орталығына барып, бейсенбілік өткізді. 1 қазан - халықаралық, қарттар күні қарсаңында жүзеге асып жатқан шара жыл сайын ұйымдастыратын қайырымдылық, шараларының бірі. Бұл жолы тағы да барып, аулаларын жапырақтардан, қоқыстардан тазалап, қол көмектерін берді. Осы орайда ұжымдарының атынан мектеп оқушыларына, әкімшілігіне ризашылықтарын білдіріп, мерекеге орай апарған сыйларына да алғыстарын білдірді.

Ұстаздар күні мерекесі қарсаңында "Ұстаздан-ұлы тұлғалар" атты мерекелік шара ұйымдастырылды. Шараға қалалық, білім бөлімінің басшысы Қосымбаева Меткүл Ораққызы қатысып, мектеп-лицей ұжымына Оқу ағарту министрі атынан Алғыс хат табыстады. Сонымен қатар, 2022-2023 оқу жылының қорытындысы бойынша түгелімен мемлекеттік грантқа ие болып, үздік нәтиже көрсеткен кластың жетекшісін қалалық білім бөлімін және Ақтөбе облысы әкімінің атынан Алғыс хаттар табыстады. Мерекелік шара оқушылардың құттықтауымен жалғасын тапты.

Республика күніне орай мектепшілік жоспарға сәйкес 8 класс оқушылары арасында "Ұлттық киім - ұрпаққа мұра" тақырыбында танымдық сағат өткізілді.

Мақсаты: Қазақ халқының салт - дәстүрін, мәдениетін және ұлттық киімдердің мәні мен мағынасын, үлесімділігін айта отырып, оқушылардың ұлттық сана сезімін ояту болып табылады. Аталған шараның шымылдығын мектеп - лицейіміздегі белсенді оқушыларымыздың әжелері шашу «шашу» дәстүрімен ашты. Шара барысында Ақтөбе сервис колледжінің студенттері заманауи үлгідегі ұлттық киімдерді насихаттау мақсатында сән үлгісін көрсетті. Аталған шараның ұлттық құндылықтарымызды дәріптеуде маңызы зор. 25 қазан- Республика күні қарсаңында балалардың ойынша қазақ оюларымен әшекейлеуге үйрету, ой ұшқырлығын, қиялдарын дамыту, қазақ халқының ұлттық ою өрнектерін құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында «Шебердің қолы ортақ» атты қолөнер байқауы өткізілді. Бұл байқау-қолөнер саласына өмірін арнаған жандар үшін және осы салаға қызығатындар үшін ең керемет мүмкіндік болды. Мақсаты: Ұлттық қолөнерді дамыту, қолөнер шеберлеріне қолдау көрсету, олардың жасаған бұйымдарын халық арасында кеңінен насихаттау, жас әрі дарынды қолөнершілерді анықтау, мәдени мұраны жаңғырту, шығармашылық, қолөнер және бизнес арасындағы байланыстарды кеңейту, қолөнершілер өнімдерін насихаттау. Оқушылардың болашақ мамандығын айқындап, сенімді таңдауға бағыт беру, мамандыққа байланысты термин сөздердің жалпы мағынасын аша білу мақсатында "Мамандық шеңбері" тақырыбында тренингтік сабақ өткізілді. Оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыта отырып, болашақ мамандыққа байланысты ұғымдарын тереңдетіп, қызығушылықтарын арттыру, мамандық әлемінің түрлілігі туралы түсінік қалыптастыру, оқушылардың бойына жақсы қасиеттерді сіңіру, мамандық таңдай білуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу мақсатында 2-6 кластар аралығында «Мың түрлі мамандық, таңдап, талдап бірін ал» тақырыбында тәрбие сағаттары жоспарға сай өткізілді. 2023 жылдың 10-12 қараша күндері "Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: пайдаланылған материал арқылы оқушылардың ой-өрісін дамытып, одан әрі өмірде өзіндік орнын білуге, еліміздің патриоты болуға, әрі адал ұрпақ даярлау, өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу, «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында оқушылармен кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастыру мақсатында «Ата-анамның жұмысындағы бір күн» атты бейнеролик байқауы өткізілді. Мақсаты: Оқушыларды мамандық таңдауға бағыттау. Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту, ойын ашық айта білуге және өз пікірін қорғай білуге баулу. Еңбексүйгіштікке баулу, адамдардың еңбегін құрметтеу.

«Еңбегі адал жас өрен» жобасының аясында «Мейірім» еріктілер клубы «Жылы жүрек – жомарт қол» атты қайырымдылық концертін өткізді. Концерттің мақсаты: Балалардың санасына мейірімділік, қайырымдылық ұғымдарын қалыптастыру, әлеуметтік жағдайы төмен балаларға көмек көрсету, оқушыларды кішіпейілділікке, бауырмалдылыққа баулу болды. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мерекесіне орай мектепшілік жоспарға сәйкес "Тәуелсіздіктің игі ісі" қайырымдылық шарасы өткізілді. Мақсаты: - Оқушылардың бойында қамқорлық, сезімдерін ояту, игі істер жасауға дағдыландыру және оқушыларды бір-біріне көмек беруге және бірлесіп жұмыс жасауға үйрету. Қайырымдылық халқымыздың ең ізгі қасиеттерінің бірі. Қамқорлықты қажет ететін жандарға қол ұшын беру арқылы адам баласы жақсылыққа қадам бастайды. Ал мұқтаж жандарға қамқорлық жасау әрбіріміздің азаматтық парызымыз. «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында “Өзінді мамандықтар әлемінен тап” колледждермен кездесу өткізілді. Кездесу Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде болды. Оқушыларға ғылыми жоба жұмыстары мазмұны туралы ақпараттық-танымдық сабақтан ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушыларға кәсіптік жолды саналы түрде таңдауда тиімді көмек көрсету және балалардың мамандықтар әлемі туралы түсініктерін кеңейту, кәсіби өзін-өзі анықтау; Кездесу оқушыларға жақсы әсер қалдырды.

4.4.Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейлері)

Зерделеу нәтижесі бойынша: 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктері ескеріліп 10-11-сынып оқушылары жаратылыстану-математикалық және қоғамдық – гуманитарлық бағыт таңдалған. Оқу жылында білім алушылардың өтініштері бойынша қажеттіліктері ескеріліп бейінді оқыту іске асырылған.

2021-2022 оқу жылы 10 – 11 сыныптар екі бағытқа бөлініп оқытылған: қоғамдық – гуманитарлық бағыт – 10а, 11а, жаратылыстану – математикалық бағыт – 10әб, 11ә.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығына 30-қосымша және 2019 жылғы 15 мамырдағы №205 бұйрығына 1-қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 99-қосымша, 119-қосымша 2021-2022 оқу жылының 10а, 11а кластағы қоғамдық- гуманитарлық бағыты бойынша жалпы орта білім берудің оқу жұмыс жоспары;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығына 31-қосымша және 2019 жылғы 15 мамырдағы №205 бұйрығына 2-қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 100-қосымша, 120-қосымша 2021-2022 оқу жылының 10әб, 11ә кластағы жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің оқу жұмыс жоспарына сәйкес күнтізбелік - тақырыптық жоспар Kundelik.kz электронды журналы арқылы қаралды.

